



ҚАЗАҚСТАН
ҚАЗІРГІ ЗАМА
АЗАМАТТЫҚ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМЫ

ПАРТИЯ МҮШЕСІНІҢ КІТАП ҚОРЫ

АСТАНА-2018



ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМЫ

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Астана-2018

Ж.Қ. Боқанованың жалпы редакциясымен

Қазақстанның қазіргі заманғы азаматтық қоғамы. Оқу құралы / Г.Т. Ильясова, Б.Б. Масатова – Астана: «Нұр Отан» партиясының Саяси менеджмент академиясы, 2018. – 66 б.

Оқу құралында Қазақстанның азаматтық қоғамының қазіргі жағдайына 2017 жылы өткізілген кешенді әлеуметтік зерттеу мәліметтері негізінде сараптама жасалған. Азаматтық қоғамның проблемалық аймақтары анықталған; оның толыққанды дамуына қажетті жағдайлар мен шаралар; қазақстандық азаматтық қоғамның болашағы мен дамуының түрлі сценарийлері сипатталған.

Азаматтық қоғамның құрылымдық элементі ретіндегі саяси партияларға және «Нұр Отан» партиясының Қазақстанның қоғамдық өміріндегі рөліне арнайы тарау арналған.

Әдістемелік ұсыныстар «Нұр Отан» партиясы қызметкерлеріне, сондай-ақ Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытуға қызығушылық танытқан барлық азаматтарға бағытталған.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	4
---------------------	----------

ТАРАУ 1.

Қазақстандағы азаматтық қоғамының қазіргі жағдайы.....	6
---	----------

1.1. Қазақстанның азаматтық қоғамы қоғамдық пікір негізінде.....	6
--	---

1.2. Қазақстандықтардың және сарапшылар қауымдастығының азаматтық қоғам институттарына көзқарасы.....	12
---	----

1.3. Қазақстанның азаматтық қоғамының тарихи дәстүрлері.....	24
--	----

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар.....	30
---	----

ТАРАУ 2.

Саяси партиялар азаматтық қоғамның институты ретінде.....	31
--	-----------

2.1. Азаматтық қоғамның құрылымындағы саяси партиялар.....	31
--	----

2.2. Қазақстан Республикасындағы саяси партиялар қызметінің құқықтық қамтамасыз етілуі.....	34
---	----

2.3. «Нұр Отан» партиясы Қазақстанның азаматтық қоғамының басты элементі ретінде.....	39
---	----

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар.....	49
---	----

ТАРАУ 3.

Қазақстандағы азаматтық қоғамның даму болашағы.....	50
--	-----------

3.1. Азаматтық сектордың қоғамдық өмірдегі рөлі.....	50
--	----

3.2. Қазақстанның азаматтық қоғамы: болашаққа көзқарас.....	55
---	----

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар.....	62
---	----

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ.....	63
---	-----------

КІРІСПЕ

Азаматтық қоғамды дамытудың мәселелері, оның орны мен рөлі әрдайым мемлекет пен қоғамның басты назарында. Қазақстанда азаматтық қоғамның дамуы қалай, оның алға басуына не кедергі, азаматтық қоғам мен билік арасындағы байланыс қалай жүзеге асырылады – сынды сауалдар аясында әртүрлі пікірталас алаңдарында, БАҚ, соңғы уақытта интернет-тұғырнамаларда қызу пікір алмасулар, ой-таластар туындауда.

«Нұр Отан» партиясының Саяси менеджмент академиясы (одан әрі – Академия) «Қазақстанның қазіргі заманғы азаматтық қоғамы» деген оқу құралын даярлады, онда Қазақстанның азаматтық қоғамы институттарының ағымдағы жағдайына және оның даму перспективаларына сараптама жасалып, ұсынылған.

Оқу құралы логикалық жағынан өзара байланысты үш тараудан тұрады. «Қазақстанның азаматтық қоғамының қазіргі жағдайы» деген 1-тарауда қазақстандық азаматтық қоғам және оның институттарына кешенді әлеуметтік зерттеу қатысушылары пікірлері негізінде сараптама жасалған. Азаматтық қоғамға тән проблемалар анықталған, терең сұхбатқа қатысушылардың алуан түрлі бағалаулары берілген. Азаматтық қоғам элементтерінің қазақ даласында ежелден тамыр тартқандығы туралы қызықты дәйектер келтірілген.

«Саяси партиялар азаматтық қоғамның институты ретінде» деген 2-тарау азаматтық қоғам құрылымындағы саяси партияларға сараптама жасауға арналған. Азаматтық қоғамның айырықша институты ретіндегі саяси партиялардың негізгі сипаттамалары анықталған, Қазақстан Республикасындағы саяси партиялар қызметінің құқықтық базасы баяндалған. «Нұр Отан» партиясының сипаттамасы Қазақстанның азаматтық қоғамының негізгі институттарының бірі ретінде көрсетілген.

«Қазақстанда азаматтық қоғамның даму болашағы» деген 3-тарау Қазақстанда азаматтық қоғамды дамыту жолдарына арналған. Мемлекеттік емес сектордың дамуына ықпал ететін жағдайлар; азаматтық қоғамның толыққанды дамуына қажетті шаралар сипатталған. Қазақстандық

қоғамдық сектордың даму сценарийлері ұсынылған.

Оқу құралы «Нұр Отан» партиясының саяси менеджмент мектебінің (Академияның алдында болған құрылым) Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің (бұдан әрі – ДІАҚМ) қолдауымен «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ (бұдан әрі – АБҚО) «Қазақстанның қазіргі заманғы азаматтық қоғамының ағымдағы жағдайына сараптама жасау және оның даму болашағы» мемлекеттік грантын жүзеге асыру аясында 2017 жылғы шілдеде жасалған кешенді әлеуметтік зерттеудің нәтижелеріне негізделген.

Әлеуметтік зерттеудің құндылығы Қазақстан халқының және сарапшылар қауымдастығы пікірінің негізінде Қазақстанның азаматтық қоғамы институттарының және оның даму болашағының сараптамасы ұсынылған.

Қазақстанның азаматтық қоғамы зерттеу нысаны ретінде белгіленген. Зерттеу мақсаты – Қазақстандағы азаматтық қоғамның ағымдағы жағдайын, проблемалары мен даму болашағын халық пен сарапшылар көзқарасы тұрғысынан сипаттау.

Зерттеу пәні – халық пен сарапшылардың (үкіметтік емес ұйымдар, саяси партиялар, кәсіподақ ұйымдары, мемлекеттік органдар, бизнес-құрылымдар, ғылыми қауымдастық өкілдері; тәуелсіз сарапшылар, қоғам қайраткерлері, саясаттанушылар) Қазақстандағы азаматтық қоғамның ағымдағы жағдайына, проблемалары мен даму болашағына көзқарасы.

Көпшілік сауалнамаға Қазақстанның барлық аймақтарынан жасы 18-ден жоғары 1500 адам; эксперттік сауалнамаға – 100 адам; терең сұхбатқа – 15 адам қатысты.

Үкіметтік емес ұйымдар тізімін АБҚО; терең сұхбатқа қатысушылар тізімін ДІАҚМ ұсынғанын атап өту керек.

Оқу құралында берілген инфографикалар, кестелер бұл тақырыпты тереңірек меңгеруге көмектеседі.

Әр тараудан кейін берілетін өз-өзін бақылауға арналған сұрақтар оқу материалын жүйелі меңгеруге бағытталған.

1 ТАРАУ.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

1.1. Қазақстанның азаматтық қоғамы қоғамдық пікір негізінде

«Азаматтық қоғам» ұғымы тұңғыш рет қоғамдық-саяси термин ретінде Еуропада қолданысқа енді. Басқарушылардың қалауына ғана тәуелді болмай, мемлекеттің өміріне ықпал ететін азаматтардың қауымдастығы деген мағынаны білдірді.

Қазіргі қазақстандық қоғамда азаматтық қоғам мәселелері бойынша саналуан пікірлер бар. Терең сұхбатқа қатысушылардың пікірлерін саралап көрсек:

Қазіргі әлемде қалыптасқан түсінік бойынша азаматтық қоғам экономикалық, саяси, құқықтық және мәдени қарым-қатынастар өзара дамыған, биліктен тәуелсіз, бірақ онымен іс-әрекет ететін адамдар қауымдастығы ретінде түсіндіріледі.

Р.Жұмалы, саясаттанушы, шығыстанушы, публицист

Азаматтық қоғам ретінде мемлекеттік билік тарапынан тікелей араласудан тәуелсіз еркін азаматтар және ерікті ұйымдардың қызметі деп түсінген дұрыс.

Д. Қадыржанов, саясаттанушы, публицист

Кеңінен қарастырғанда азаматтық қоғам дегеніміз – адамдар. Негізгі сөз – азаматтық, яғни, бұл азаматтардан, адамдардан тұратын қоғам. Олар өз кезегінде әлеуметтік проблемалар туралы өзінің жауапкершілігін түсінеді де, өздерінің жеке ғана емес, сонымен қатар қоғамдық проблемаларды да шешуге ат салысады. Себебі, олар социумда өмір сүреді, сондықтан

да олар өздерін сол социумда өткізе алып, өмірлерін құрулары керек.

Е. Жовтис, Қазақстандық халықаралық адам құқықтары мен заңдылықты сақтау бюросының директоры

Азаматтық қоғам – бұл демократияның негізгі көрсеткіштерінің бірі (көппартиялы жүйе, жергілікті өзін-өзі басқару, Үкіметтік емес ұйымдар және т.б.).

Д. Көшім, «Ұлт тағдыры» ҚБ төрағасы

Азаматтық қоғам – бұл азаматтырдың өз елдеріне деген қатынасының даму көрсеткіші, басқаша айтқанды немқұрайдылық танытпау: азаматтар мұнда жай ғана өмір сүріп қана қоймайды, елге, тұрып жатқан аумағына, азаматтар мен елге қатысты мәселелерге жылы шыраймен қарайды. Бұл мемлекет пен қоғам арасындағы қарым-қатынас.

Т. Үмбеталиева, Орталық Азия демократияны дамыту орталығының бас директоры, Алматы қаласындағы Ф. Эберт қоры кеңсесінің басшысы

Байқағанымыздай, қазақстандық сарапшылар арасында азаматтық қоғам түсінігі әр түрлі сипатталады, алайда азаматтық қоғамның маңыздылығы бірінші кезекте еркіндіктің, ынтымақтастықтың, жауапкершіліктің, тәуелсіздіктің, сонымен қатар қоғамның белгілі мәселелерін мемлекеттің қатысуынсыз шешуде азаматтардың бірігуі ретінде қабылданады.

Тұрғындардың арасында жалпы алғанда азаматтық қоғам туралы түсініктері бар және оны анықтауда екпіндерді дұрыс қоюда. Көпшілік сауалнамаға қатысушылар азаматтық қоғамды (жауаптардың 3 нұсқасына дейін таңдауға болады), көбіне азаматтардың қоғамды басқаруға қатысуы (39,8%), азаматтық жауапкершілік (34,5%), азаматтардың өздерінің құқықтары мен еркіндіктерін қорғай алуы (32,7%), сондай-ақ адамның жеке, саяси және экономикалық құқықтары мен еркіндіктерінің болуы (22,5%) ретінде түсінеді.

Бір қызығы, қоғамның мардымсыз бөлігі (3,6%) азаматтық қоғамды сипаттауда өздерінің «мемлекеттің азаматтары», «қоғамда өмір сүре білу қабілеті», «қоғамдық белсенділік» деген сынды пайымдаулар береді. Сонымен қатар әрбір жиырмасыншы респондент (5,3%) жауап беруге қиналған (1-сурет).

1-сурет

ХАЛЫҚТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ СИПАТТАУЫ (%)



Сарапшылар сауалнамасына қатысушылар тарапынан «азаматтық қоғам» түсінігі бойынша толығырақ анықтама ұсынылды. Сарапшылардың басым бөлігінің (51%) азаматтық қоғамға анықтама беруде пікірлері ортақ – «ашық, демократиялық, өзін-өзі дамытатын қоғам, оның орталығы – жеке, саяси және экономикалық құқықтар мен бостандыққа ие адам, тұлға, азамат», сарапшылардың 31%

азаматтық қоғам – бұл «халықтың ең өзекті мәселелерін шешу жолында қоғам мен мемлекеттің өзара іс-әрекеті» екендігін алға тартты.

Сарашылардың шағын бөлігі азаматтық қоғамды – «мемлекеттің, партиялардың, әлеуметтік топтардың жетекшілігімен қоғамда дамиды қатынастардың жиынтығы»; «мемлекеттік функцияларды қоғамдық құрылымдар толық атқаратын мінсіз қоғам» (әрқайсысы 3%) деп сипаттайды.

Азаматтық қоғамның төмендегідей негізгі сипаттамаларын бөліп көрсетуге болады:

- біріншіден, мемлекеттік құрылымдарға жатпайтын, жеке және топтық мүддені қорғайтын адамдардың, әлеуметтік қауымдастықтардың саяси емес көзқарастарының жалпы жиынтығы;

- екіншіден, белгілі бір аумақтағы халықтың теңдікті және нормаларды жетекшілікке алып, өз-өзін реттеу, өз-өзін басқару қағидаларына негізделген әлеуметтік тұрғыда өзара іс-әрекеті;

- үшіншіден, отбасылар, қоғамдық ұйымдар, кооперациялар, ассоциациялар, кәсіби, шығармашылық, спорттық, діни және басқа да бірлестіктер сынды тұрғындардың ерікті түрде қалыптасқан бірлестіктерін қоса алғандағы адамдар қоғамдастығы.

Осылайша, «азаматтық қоғам» түсінігі көпаспектілі.

Біздің ойымызша, азаматтық қоғам анықтамасы Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасында неғұрлым көлемді берілген: «Азаматтық қоғам – ол жерде болып жатқан процестер мен қатынастардың басты әрекет етуші тұлғасы мен субъектісі ретінде өз қажеттіліктерінің, мүдделері мен құндылықтарының барлық жүйесімен бірге адам болып табылатын қоғам. Бұл ұғым сонымен қатар мемлекет пен оның органдарына тәуелсіз өмір сүретін қоғамдық: саяси, экономикалық, мәдени, ұлттық, діни, отбасылық және басқа қатынастардың барлық жиынтығын білдіреді, жеке мүдделердің әр алуандылығын көрсетеді» [1].


Қазақстандағы азаматтық қоғам туралы қарама-қайшы

пікірлерді атап өткен жөн.

Көпшілік сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі азаматтық институттардың қалыптасу процесін пайда болу (31,2%) немесе қалыптасу (30,3%) кезеңінде деп бағалайды. Респонденттердің бестен бір бөлігі (21,2%) Қазақстандағы азаматтық қоғамды жеткілікті деңгейде дамыған деп біледі, ал әрбір оныншы қазақстандық (9,5%) елде дамыған азаматтық қоғам бар деп сеніммен айта алады (**2-сурет**). Осылайша, респонденттердің үштен бір бөлігінен астамы (екі жауапты қосқанда: 21,2% + 9,5%) Қазақстандағы азаматтық қоғам жеткілікті дамыған және дамыған деп пайымдайды.

2-сурет

ХАЛЫҚТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ЖАҒДАЙЫН БАҒАЛАУЫ (%)



Сарапшылар азаматтық қоғамның жағдайын бағалауда көбіне сыни көзқарасты ұстанады: сарапшылардың басым бөлігі (61%) Қазақстандағы азаматтық қоғам өзінің қалыптасу кезеңінде деп санайды; тек 17% пайызы ғана азаматтық қоғам айтарлықтай дамыған екендігін алға тартты және сарапшылардың 3% Қазақстанда дамыған азаматтық қоғам бар деп есептейді.

Терең сұхбатқа қатысушылар Қазақстандағы азаматтық қоғамның жағдайын келесідей бағалайды:

Менің ойымша, қазір бізде азаматтық қоғам жетілген. Әрине мен мұнда сандық емес, сапалық көзқарас тұрғысынан бағалап тұрмын.

Т. Үмбеталиева, Орталық Азия демократияны дамыту орталығының бас директоры, Алматы қаласындағы Ф. Эберт қоры кеңсесінің басшысы

Бізде декорация секілді жасанды түрде құрылған азаматтық қоғам бар.

Д. Көшім, «Ұлт тағдыры» ҚБ төрағасы

Менің ойымша, шынайы азаматтық қоғам енді басталып келеді.


А. Сарым, саясаттанушы, қоғам белсендісі

Бүгінде Қазақстандағы азаматтық қоғам жағдайы аса жоғары.

Н. Ерімбетов, Қазақстанның Азаматтық Альянсінің экс-президенті

Осылайша диаметрлік қарама-қайшы пікірлер орын алды: қатысушылардың бірі Қазақстандағы азаматтық қоғам дамыған деп санайды; басқаларының оптимистік көзқарасы төмендеу, олар азаматтық қоғам әлі де қалыптасу жолында екендігін алға тартады; ал үшіншілері жағымсыз пікірді ұстанады және олар Қазақстанда азаматтық қоғамның жоқтығына сенімді.

Сауаланамаға қатысқан қазақстандықтар азаматтық қоғамның одан әрі дамуына көзқарасы оң, сенімі жоғары. Респонденттердің жартысына жуығы (46,9%) бүгінгіден гөрі 2020 жылға қарай Қазақстанның тұрғындары азаматтық қоғам институттарының (саяси партиялар, ҰЕҰ, кәсіпкерлік қауымдастықтар, кәсіподақтар) қызметіне көбірек тартылады деп есептейді. Зерттеуге қатысушылардың 29,1% келешекте ешбір өзгеріс байқалмай, қазіргі деңгейде қалатынына сенімді. Барлық сұралғандардың тек оннан бір бөлігі ғана (10%) болашақта азаматтық қоғам институттарының қызметіне тартылғандардың саны азаяды деп санайды (**3-сурет**).

3-сурет**2020 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ИНСТИТУТТАРЫ ҚЫЗМЕТІНЕ ТАРТЫЛУЫ**

1.2. Қазақстандықтардың және сарапшылар қауымдастығының азаматтық қоғам институттарына көзқарасы

Қазақстанда қазіргі заманғы азаматтық қоғамның негізгі элементтері қалыптасқан:

- саяси партиялар;
- қоғамдық бірлестіктер, ассоциациялар, қорлар;
- діни бірлестіктер;
- тәуелсіз БАҚ;
- кәсіподақтар;
- кәсіби ассоциациялар (кәсіпкерлердің, аудиторлардың, адвокаттардың, түрлі бағыттағы дәрігерлердің және т.б.);
- шығармашылық, спорттық және т.б. бірлестіктер;
- ПИК (пәтер иелерінің кооперативі);
- жергілікті өзін-өзі басқару органдары.


Осылайша Қазақстандағы азаматтық қоғам заңнамалық тұрғыдан да, іс жүзінде де бар.

Сарапшылар сауалнамасына қатысушылардың пікірінше, Қазақстандағы азаматтық қоғамның басты

табыстары мен жетістіктерінің топ-үштігіне азаматтық қоғам институттарының бар болуы (26%), одан кейін мемлекеттік құрылымдармен өзара іс-әрекет (19%), және де азаматтық қоғам институттарының заң жобаларын талқылауға қатысуы (18%) (4-сурет).

4-сурет

САРАПШЫЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ БАСТЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ МЕН ТАБЫСТАРЫ ТУРАЛЫ ПІКІРІ (%)



Азаматтық қоғам институттары арасында азаматтардың сеніміне көбінесе саяси партиялар, кәсіподақтар және БАҚ ие болған. Сұралғандардың әрбір үшіншісі (33,8%) – саяси партияларға, әрбір төртіншісі (26,7%) – кәсіподақтарға және әрбір бесіншісі (20,5%) – бұқаралық ақпарат құралдарына (5-сурет) сенім білдірген. Бұл жайт түсінікті, себебі бұл институттар ең танымал құрылымдар, сондықтан олардың қызметі туралы халықтың хабардарлығы жоғарырақ.

Көпшілік сауалнамаға қатысушыларға азаматтық қоғам институттарының рөлі мен маңыздылығы туралы сұрақтар ұсынылды, оған қоса жауаптардың бірнеше нұсқасын таңдауға мүмкіндік берілді.

5-сурет**ХАЛЫҚТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ИНСТИТУТТАРЫНА ДЕГЕН СЕНИМІ (%)**

Зерттеуге қатысушылар азаматтық қоғамды дамытуда саяси партиялардың рөлін көбіне қоғамның әлеуметтік проблемаларын шешуде (32,6%), билік деңгейіндегі шешімдердің қабылдануы процесіне ықпал ету мүмкіндігінде (30,1%), билік құрылымдарының барлығында азаматтардың мүддесін білдіру мүмкіндігінде (27,3%) көреді. Алайда респонденттердің 12,9% жауап беруге қиналған, ал сұралғандардың 10,5% жауапты білмейді (**6-сурет**).

Сауаланмаға қатысқан қазақстандықтардың пікірінше, азаматтық қоғамды дамытуда БАҚ рөлі бірінші кезекте тұрғындарға азаматтық қоғам институттары туралы дәйекті ақпарат ұсынуға бағытталған (42,9%). Сонымен қатар БАҚ азаматтардың өзекті мәселелерін талқылайтын сұхбат

6-сурет

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ДАМУДАҒЫ САЯСИ ПАРТИЯЛАРДЫҢ РӨЛІ (%)




алаңына (37,2%) айналып, көпшілікті әлеуметтік-пайдалы қызметке жұмылдыруы (34,8%) қажет. Сұралғандардың бестен бір бөлігі (11,8%) БАҚ-ты бағалауда сыни көзқарастарын білдіріп, БАҚ тек «қызу талқыланатын фактілердің» жолына түсіп, азаматтық қоғам мәселелерін кейде шынайы көрсетпейді (19,2%), сонымен бірге қоғамдық жұмыста тұрғындардың азаматтық қатысуын көтеруді дамытуға мүлде атсалыспайды (18%) (7-сурет).

Кәсіпкерлік-қауымдастықтар тұрғындардың азаматтық қоғам институттарына сенімі рейтингінде төртінші орынды иеленді. Сұралған қазақстандықтардың пікірінше, кәсіпкерліктің мүддесін қорғау (40%) – кәсіпкерлік-

7-сурет

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ДАМУДА БАҚ РӨЛІ (%)



ассоциациялардың бірінші кезектегі рөлі. Сонымен қатар кәсіпкерлік-ассоциациялар бизнес өкілдерін мемлекеттік құрылымдардың қысымынан қорғауды (22,8%), шешім қабылдауға белгілі деңгейде ықпал етеді (22,2%), кәсіпкерлікті дамыту мәселелері бойынша мемлекеттік құрылымдармен өзара ықпалдасады (19,4%) және олардың қызметіне қатысу арқылы қоғамның экономикалық белсенділігі артады (19%). Респондентердің тек болмашы бөлігі ғана (7,6%) кәсіпкерлік-ассоциациялар ҰЕҰ-ға қоғамдық мәселелерді шешу үшін грант ұсына алатынын; идеяларды жеткізушіге және өзара пікір алмасудың алаңына айналуға қауқарлы екендігін (9,5%) білдіргені қынжылтады. Сонымен бірге респонденттердің 12,2% азаматтық қоғамды дамытуда бизнес-қаумдылықтардың рөлі қандай екенін білмейді (8-сурет).


Азаматтық қоғамның даму процесін **үкіметтік емес ұйымдардың** (ҰЕҰ) өркендеуінсіз елестету мүмкін емес. ҰЕҰ өз бойына халық мүддесін сіңіріп, қорытады да, мемлекетті өткір әлеуметтік пролемаларды шешуге бағыттайды. ҰЕҰ

8-сурет

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМДЫ ДАМУДАҒЫ
БИЗНЕС-ҚАУЫМДАСТЫҚТАРДЫҢ РӨЛІ (%)

– азаматтық қоғамның маңызды институттарының бірі, алайда халықтың сенімі рейтингінде ҰЕҰ тек 5-ші орынға ғана орналасты. Бәлкім, бүгінде ҰЕҰ қызметі соншалықты белсенді әрі жемісті емес екенін, халық олардың қызметі жөнінде хабардар емес екенін әлеуметтік сауалнама нәтижелері көрсетіп берді.

Сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың басым бөлігі «үкіметтік емес ұйым» деген түсінікпен таныс. Сонымен қатар, әрбір бесінші респондент (19,5%), бұл түсініктің нақты не білдіретінін біледі, ал жауап бергендердің

9-сурет**ХАЛЫҚТЫҢ ҮЕҮ ДЕГЕННІҢ НЕ ЕКЕНІН БІЛУІ**


40,5% ҮЕҮ туралы естіген. Сондай-ақ, «үкіметтік емес ұйым» түсінігімен таныс емес респонденттер бұқаралық сауалнамаға қатысушылардың үштен бірін ғана құраған (33,7%) **(9-сурет)**.


«Халық үшін ҮЕҮ қандай жұмысы маңыздырақ?» деген сауалға бірінші кезекте әлеуметтік қорғау (42,2%) мен балалар үйіне, ардагерлерге және т.б. көмек деп жауап берілген. Әрбір үшінші респондент ҮЕҮ ең маңызды деген қызметі ретінде азаматтардың ең құқықтарын қорғауды (11%), әрбір төртінші – тұтынушылардың құқығын қорғау (8,5%), әрбір бесінші (7,3%) – жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтары деп белгілеген **(10-сурет)**.

Сонымен қатар ҮЕҮ жұмыстарына қатысуға ниеттілігі туралы сұраққа келгенде респонденттер екіге бөлінді. ҮЕҮ жұмыстарына қатысқысы келетін респонденттердің саны жалпы алғанда үштен бірді (36,6%) құрады. Алайда сауалнамаға қатысқан қазақстандықтардың жартысы ҮЕҮ жұмыстарына мүлдем қатыспаймын немесе негізінде ниетті емеспін (49,1%) деген жауаптар берсе, сұралғандардың 12,6% жауап беруге қиналған **(11-сурет)**.

10-сурет

ХАЛЫҚ ҮШІН ҮЕҮ ҚАНДАЙ ЖҰМЫСЫ МАҢЫЗДЫРАҚ? (%)



11-сурет**ХАЛЫҚТЫҢ ҮЕҰ ҚЫЗМЕТІНЕ ҚАТЫСУ ЖӨНІНДЕГІ ҰСТАНЫМЫ**

Терең сұхбатқа қатысқан сарапшының пікірі бойынша:

Азаматтық белсенділік азаматтар тарапынан қосымша күш-жігерді қажет етеді. Азаматтық белсенділік өз уақытыңды жұмсауды, бір жаққа баруды, буклеттер таратуды, адамдармен сөйлесуді, пікір таласуды, аса рахметі жоқ істерге өзіңнің ресурстарыңды жұмсауды білдіреді.

Т. Қалиев, саясаттанушы, «Жастар» ҒЗО директоры

Көпшілік сауалнамаға қатысқандар діни бірлестіктерді азаматтық қоғам институты ретінде салыстырмалы түрде жоғары бағаламады. Діни бірлестіктер сұралған қазақстандықтар тарапынан рухани құндылықтарды насихаттау мәселесі бойынша 3,1 балға бағаланды. Қайырымдылық қызметті ұйымдастыру, өмірдегі қиын жағдайларда адамдарға көмек көрсету, салауатты өмір салтына баулу сынды қызметтің ең маңызды деген бағыттары бойынша 3-тен төмен балл алған **(12-сурет)**.

Бүгінде, Қазақстанның қазіргі заманғы азаматтық

12-сурет

ҚЫЗМЕТТІҢ КЕЛЕСІ ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ДІНИ ҰЙЫМДАРДЫҢ (МЕШІТ, ШІРКЕУ, СИНАГОГА ЖӘНЕ Т.С.С.) ҚАТЫСУ ДЕҢГЕЙІ (1-ДЕН 5-КЕ ДЕЙІН, 1-ТӨМЕНГІ ДЕҢГЕЙ, 5-ЖОҒАРҒЫ ДЕҢГЕЙ) (%)



қоғамы туралы айтатын болсақ, халықтың азаматтық белсенділігінің қарқынды дамып келе жатқан элементі – **блогосфераны** қамтымай кетпеуге болмайды. Әлеуметтік желілермен блогосфера бір мезгілде сандық технологиялармен желілік коммуникациялардың нәтижесі әрі шарты болып табылады.

Кейбір зерттеушілердің пікірі бойынша, «азаматтық қоғамның дәстүрлі институттарының маңыздылығы бірте-бірте төмендеп келеді. Сандық технологиялардың дамуының арқасында азаматтар бюрократтық кедергілерді айналып өтіп, билік органдарына тікелей жүгіне алады. Осыған байланысты бүгінде бірінші орынға (араласудың дәстүрлі формаларымен қатар) азаматтардың онлайн қатысуы шығып келеді» [2].

Бұл пікірді эксперттік сауалнамаға қатысқан респонденттердің басым бөлігі (46%) ұстанады. Олардың пікірінше қазақстандық танымал блогерлер мен онлайндағы азаматтық белсенділердің азаматтарға ықпалы айтарлықтай жоғары деңгейде. Қазақстандық блогерлердің ықпал ету күшіне скептикалық көзқарастағы сарапшылар саны сұралғандардың үштен бірін құрайды (28%). Сарапшылардың оннан бір бөлігі (10%) блогерлер азаматтарға ешқандай ықпалы жоқ деп есептейді (13-сурет).

13-сурет**БЛОГЕРЛЕРДІҢ ЖӘНЕ ОНЛАЙНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ
БЕЛСЕНДІЛЕРДІҢ АЗАМАТТАРҒА ЫҚПАЛЫ ЖӨНІНДЕГІ
САРАПШЫЛАРДЫҢ ПІКІРІ (%)**

Терең сұхбатқа қатысушылардың әлеуметтік желінің рөлі мен блогерліктің дамуына қатысты пікірлері алуан түрлі:

Әлеуметтік желілер жаңа тыныс әкелді, жақсы мүмкіндіктер берді, себебі әлеуметтік желілер ақпаратпен бөгетсіз бөлісуге, ақпаратты кедергісіз жеткізуге жолдар ашты... Міне сондықтан да, менің пікірімше, алдағы уақытта әлеуметтік желілер рөлінің күшеюін, әлеуметтік желідегі белсенділер рөлінің күшеюін, азаматтардың көптеп қатысуын бақылайтын боламыз.

Р. Жұмалы, саясаттанушы, шығыстанушы, публицист

Блогерлер - бұл журналистиканың жаңа элементі, олар керек, ал оның төңірегіндегі шу бұл Қазақстан үшін жаңа құбылыс болғандықтан оның төңірегінде осындай шу туындауда. Екіншіден, блогерлердің саны тым көбейіп кетті, олардың маңыздылығын әсіре бағалау да бар.

А. Нұрша, саясаттанушы, тарихшы

Блогерлердің ықпалы қаншалықты мықты?

Әрине, жоқ. Оның бәрі жай ғана миф, мен өзімнің мүмкіндіктерімді ешқашан асыра бағаламаймын. Бұл ақымақтық... Сонымен бірге блогерлер – әлеуметтік белсенділікті қалыпты ететін жолдардың бірі екендігін де түсінуіміз қажет...

Д. Кривошеев, экономикалық шолушы

Бір жағынан алғанда олар негізінен ақша үшін түрлі пиар-науқандарды жасайтын пиаршылар... Бірақ бұл жақсы, себебі қанша дегенмен бұл да қозғалыс... Қоғамдық пікірге байланысты қозғалыс...

М. Шибутов, саясаттанушы, Қазақстандағы шекара маңы ықтымақтастығы ассоциациясының өкілі

Осылайша, эксперттік қауымдастық пен терең сұхбатқа қатысушылардың түрлі бағалағандарына қарамастан бүгінде әлеуметтік желілер халықтың азаматтық белсенділігін арттыратын маңызды ресурс ретінде қарастыруға болады.

Эксперттік сауалнамаға қатысқандар азаматтық институтқа тән проблемаларды бөліп көрсетті. Ең маңызды деген проблемалардың бестігіне келесілер кірді **(14-сурет)**:

- азаматтық қоғам институттарының мемлекеттік қаржыландыруға тәуелділігі (19%);
- халықтың азаматтық белсенділігінің төмендігі (13%);
- азаматтық қоғам институттарының қызметіне жүйесіздік сипат тән, белгілі бір уақыттарда ғана жұмыс жасайды (11%);
- азаматтық қоғам институттары өкілдерінің біліктілігі мен құқықтық сауатының төмендігі (11%);
- азаматтық қоғам институттарының бизнеспен қарым-қатынасының әлсіздігі (10%).

Бір қызығы, сарапшылар азаматтық қоғам институттары үшін өзекті проблемаларды көріп отырған жоқ (0%).

14-сурет**АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ИНСТИТУТТАРЫНА ТӘН ПРОБЛЕМАЛАР (%)****1.3. Қазақстанның азаматтық қоғамының тарихи дәстүрлері**

Қазақстандағы азаматтық қоғам тарихының тамыры тереңде. Қазақтардың көшпелілер өркениеті халықтың азаматтық белсенділігінің төл тарихи дәстүрлерінің ерекше үлгілерін мирас етті.

Өзінің формасы мен саяси құрылысы бойынша қазақ мемлекеттілігі туындаған кезең XV ғасырда хандық билік болып қалыптасты.

Алайда мұндай монархиялық жүйе сол сияқты еуропалық және азиялық деспотиялардан айырықша айырмашылықтары болды, атап айтқанда: байырғы замандардан бері халықтың билікке және маңызды шешімдерді қабылдауға деген ықпалы тұрақты әрі қуатты болды.

Шын мәнінде, кез келген қуатты монархия үшін қатаң орталықтанған билік, алпауыт репрессивті аппарат, мықты салық жүйесі қажет. Қазақ даласында бұл жайттар басқаша болды.

Көшпелі халық мемлекет өміріне белсенді қатысты. Жекелей алғанда, азаматтық қоғам элементтері би институттарында көрініс берді, билер алқасына елге беделді тұлғалар мен аузы дуалы абыз ақсақалдар кірді, сондай-ақ олардың шыққан тегі ақсүйектен болмаса да жарайтын еді. Бидің мәртебесін анықтағанда ақыл, білімділік, шешендік сынды қасиеттер, ең бастысы – халықтың сый-құрметі негізге алынды. Билер кеңесі рулық деңгей болса, сұлтандар жанында, мемлекеттік деңгей болса, хандар жанында отырыс жасады. Оның үстіне, ең маңызды деген мәселелерді жоғарғы билеуші билер кеңесімен келіспей шешуге құқықты емес еді. Қазақтың беделді билері Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би.

Азаматтық қоғамның басқа көрсеткіші көшпелі ақсүйектерінің жиыны – құрылтай болды. Міне, осы құрылтайдың отырыстарында соғыс ашу немесе бейбіт келісім жасау, жаңа хан сайлау, жаңа заңдар мен салықтарды бекіту және т.б. маңызды мәселелер бойынша тағдыршешті шешімдер қабылданған. Оған қоса, құрылтай қоғаммен кері байланыс орнату рөлін атқарды. Іс жүзінде, Қазақ хандығының негізін қалушылар Керей мен Жәнібектен бастап, қазақтың барлық хандары осындай құрылтайларда сайланған.

Қазақтар үшін азаматтық қоғамның дәстүрлі құралдарының бірі, даланың көне аңыздарын жырлаушы

абыздар – жыраулар болды. Мұндай адамдар халық алдында ғана емес, билеушілер алдында да жоғары абырой мен беделге ие болды. Жекелей алғанда, Қазақстан тарихындағы ұлы хандардың бірі Абылай хан ең маңызды деген шешімдерді атақты Бұқар жыраудың келісімінсіз қабылдамаған. Басқа жағынан алғанда, жекелеген руларға хан үкімдерін жеткізуші әрі түсіндіруші қызметін атқарған

Ақындар халық үні бола білді, олар айтыс сынды дәстүрлі жыр жарыстарында биліктегілерді сынап, олардың кемшіліктерін айтып отырды. Басқаша айтқанда, ақындар қоғамдық пікірді тудырды. Белгілі бір билеушінің абырой-беделінің өлшемі халықтың сенімі болды.

Осы тұста қазақтың игі дәстүрі – асар туралы айта кету керек, үлкен қажет болған өмірлік жағдайда (үй салу, малға қора соғу және т.б.) руластар өздерінің көрші-қолаң, жақын-жуықтарына ешқандай ақысыз көп болып жұмыла көмектескен, осындай волонтерлық бастау алған. Азаматтықтың басқа бір көрінісі – ерулік болған, оған сәйкес жаңа көшіп келген көршілерін қолдау көрсету үшін, жаңа ортаға үйренісуіне көмектесу үшін қонаққа шақырған немесе қазіргі тілмен айтқанда, жаңа ортаға әлеуметтік жағынан сіңуге ат салысқан.

Азаматтық қоғамның осы элементтерінің тізімін жалғастыра беруге болады. Бұл жерде ең маңыздысы – олардың бәрі қоғам мен басқарушы элита арасында мүдделер балансын ұстап тұруы мен салмақты рөл атқаруында болып отыр. Қазақ даласында XV-XIX ғасырлар аралығында сұлтандар мен хандарға қарсы үлкен халықтық көтерілістер, наразылықтар болмағанын атап айтсақ жеткілікті. Осындай құралдардың маңыздылығын билеушілердің өзі де жете түсінді. Олар биліктерінің тұрақтылығы осыған байланысты екендігін айқын аңғарды, сол себепті де сынды қабылдап, билердің, жыраулардың, ақындардың қызметін ынталандырды.

«Жеті Жарғы» заңдар жинағы дала демократиясында айырықша орын алды. Саяси құрылымның өзгеруі қазақ қоғамының құқықтық базасының болуын қатты қажет етті. Бұл жұмыс XVII ғасырда Тәуке ханның тұсында жүргізіліп,

нәтижесінде «Жеті Жарғы» деген заңдар жинағында жинақталды. Оған бұрынғы хандардың билік құрған кездерінде мемлекет пен қоғамды басқаруда қолданылған құқықтық нормалар – «Қасым ханның қасқа жолы» және «Есім ханның ескі жолы» негіз болды.

Қазақ халқының данагөй көсемдері, үш жүздің белді де беделді билері – Төле би (Ұлы жүз), Қазыбек би (Орта жүз) және Әйтеке би (Кіші жүз) – XVIII ғасырдың басында жоғарыда аталған заң жинақтарын қазақтардың жаңа жағдайларға орай қалыптасқан өмірі мен тұрмыс салтына, қоғамдық-әлеуметтік қалпына бейімдеп қайта өңдеп, бір жүйеге келтірді. Осылайша «Жеті Жарғы» заңдар жинағы дүниеге келді.

Бұл заң жинақтарына қазақ халқының байырғы заманнан бері ұрпақтан ұрпаққа, ғасырдан ғасырға ұласып келе жатқан қағидалары, салт-дәстүрлері енгізілді. Олар бұқара халыққа өтімді әрі түсінікті болды, XVII ғасырдағы қазақ қоғамының әлеуметтік және құқықтық әділеттілік түсінігіне жауап берді. «Жеті Жарғыны» қабылдау ру-тайпалар арасындағы теке-тіресті айтарлықтай тежеді, үш жүз арасындағы дау-дамайды азайтты. Заң негізінде хан билігінің күшеюі халық бірлігін нығайтты.

Тарихта белгілі бір хан шешім қабылдаудың ұжымдық формаларына бағынудан бас тартып, билікті жеке-дара иемденуге ұмтылған жағдайлар да болған. Мәселен, Бұрындық ханның осындай әрекеті сәтсіз аяқталды (ол тақтан тайдырылып, қоғамнан қуылып, туған жерден жырақта қайтыс болған).

Көшпелі өмір салтының қиыншылықтары мен кемшіліктеріне және патриархалдығына қарамастан сол кездегі қазақ қоғамы қазіргі заманның қарттар үйі, жетімдер үйі, түрме, ішкіштік, үйсіз қаңғыру сынды әлеуметтік құбылыстардан таза болды. Қоғамдық қалыптың үндестігі мен ұжымдық ынтымақтастық қазақтарға аталған қиындықтарды еңсеруге көмектесіп, халықтың түрлі әлеуметтік топтардың, рулардың және жүздердің бірлігін қамтамасыз етті.

Осылайша, Қазақ мемлекетінде сол кезеңдегі

өлшемдермен қарағанда айтарлықтай дамыған азаматтық қоғамның институттары болды. Азаматтық қоғамды дамытудағы тарихи сабақтастық Ресей империясының отарлауы әсерінен әлсіреді, қазақ халқының өзін-өзі басқаруы ешқандай күшке ие болмай қалды.

Терең сұхбатқа қатысушылардың пікірі төмендегідей:

Бізде аздаған тарихи парадокс бар. Себебі, классикалық материалистік ғылым қоғам дамуында формацияларды бөліп көрсетті де оған сәйкес көшпелілер әлемін алғашқы қоғамдық құрылысқа жатқызып, озық батыстық формациялармен салыстырғанда артта қалған деп есептеді. Бүгінде гуманитарлық, тарихи әлемдегі жағдай өзгерді. «Көшпелілер өркениеті» деген түсінік қарама-қайшы болудан қалды.

Д. Қадыржанов, публицист, жазушы

Азаматтық қоғамды батыстық қоғамның атрибуты деп есептеп, оны бізде болмаған деп ойлау ақымақтық дер едім.

А. Сарым, саясаттанушы, қоғам белсендісі

Бізде азаматтық қоғам болмады дегенге келіспеймін. Тарихқа қазақ қоғамында болған азаматтық белсенділіктің көптеген үлгілерін көрсетуде.

Ж. Махамбетова, Маңғыстау облысындағы Азаматтық альянстың құрылтайшысы


Өкінішке қарай, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, эксперттік сауалнама қатысушылары азаматтық қоғамның даму тарихын жеткілікті деңгейде біле бермейді екен. Тек респонденттердің үштен бір бөлігі ғана (37%) қазақ халқының ұлттық дәстүрлері негізінде азаматтық қоғамның құндылықтары бар деп есептейді; жартысынан азы (45%) толықтай емес деп санаса; әрбір оныншысы (9%) жауап беруге қиналған **(15-сурет)**.

Эксперттік сауалнамаға қатысушылардың басым бөлігі (54%) ұлттық дәстүрлер қазіргі заманғы азаматтық қоғамның

дамуында белгілі бір рөл ойнайды деп ойлайды; тек 16% рөлі үлкен десе; 23% мардымсыз деп санайды **(16-сурет)**.


15-сурет

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІ НЕГІЗІНДЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ ЭКСПЕРТТІК ПІКІР (%)



16-сурет

ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРЛЕРДІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ ТУРАЛЫ (%)



ӨЗ-ӨЗІН БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. «Азаматтық қоғам» ұғымын халық пен эксперттік қауымдастық қалай түсінеді?
2. Азаматтық қоғамның даму жағдайын бағалауда халық пен эксперттер көзқарасының айырмашылығы бар ма?
3. Қазақстандағы азаматтық қоғамды дамытудағы басты жетістіктер қандай?
4. Әлеуметтік зерттеуге қатысқандар Қазақстандағы қандай азаматтық қоғам институттарын бөліп көрсетеді?
5. ҮЕҰ жұмысының халық үшін маңызды түрі қайсысы?
6. Халықтың азаматтық белсенділігінің жаңа түрі – блогосфераға эксперттердің көзқарасы қандай?
7. Қазақстанның азаматтық қоғам институттарын Сіз қалай жіктейтін едіңіз?
8. Қазақстандағы азаматтық қоғам институттарын дамытудағы негізгі проблемалар қандай?
9. Қазақстанның азаматтық қоғамының тарихи тереңде екенін екенін дәлелдеңіз.

2-ТАРАУ.

САЯСИ ПАРТИЯЛАР АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ИНСТИТУТЫ РЕТІНДЕ

2.1. Азаматтық қоғам құрылымындағы саяси партиялар

Азаматтық қоғам жүйесінде саяси партиялар маңызды орын алады. Саяси партиялар мемлекет пен қоғам, мемлекет пен азамат арасында тікелей және кері байланысты жүзеге асырады, бұл жағдай партияларға шынайы ортақ және жеке мүдделерді үйлестіріп, саяси деңгейге шығаруға мүмкіндік береді де мемлекет пен қоғамды саяси жүйеге біріктіреді.

Саяси партия – белгілі бір әлеуметтік топтың мүдделерін, мақсаттарын және идеалдарын жинақталған қалыпта білдіретін, оны саяси билікті жүзеге асыру бойынша басқа әлеуметтік топтармен, партиялармен немесе мемлекеттік институттармен өзара іс-әрекет барысында басқаратын қоғамдағы ең белсенді деген азаматтардың бірлестігі. Саяси партиялар азаматтар мен саяси жүйені біріктіретін өзіндік дәнекерлер іспетті.

Саяси партиялар – салыстырмалы түрде жаңа әлеуметтік институт. Олар еуропалық мәдениеттің құрылымында пайда болып, саяси іс-әрекетке азаматтардың жаппай қатысуын құптайтын еуропалық дәстүрдің жалғасы болды. Саяси партиялардың пайда болуы әлеуметтік қарым-қатынастардың азаматтық қоғам нормаларына көшкенін көрсетті.

Немістің әлеуметтанушысы Макс Вебер саяси партиялардың қалыптасу тарихында үш кезеңді бөліп көрсетеді [3]:

- **ақсүйектік үйірмелері кезеңі** (XVIII ғасырдағы Ұлыбритания: «торилар» – англикандар – Стюарттар монархиясын қолдаушылар және «вигилар» – пуритандықтар – республикандықтар және конституциялық монархияны қолдаушылар);
- **саяси клубтар кезеңі** (XVIII ғасырдың соңғы

тоқсанындағы АҚШ пен Франция: АҚШ федералистер мен республикандықтар, Францияда оңшылдар, солшылдар және центристер клубтары);

• **көпшілік саяси партиялар кезеңі** (XIX ғасырдың аяғындағы Еуропа мен АҚШ).

1861 ж. қазіргі таңда жұмыс жасап жатқан саяси партиялардың арасындағы ең көне партия – Ұлыбританияның Либералды партиясы дүниеге келді.

1863 ж. пролетариаттың дүние жүзіндегі алғашқы партиясы – Жалпы Германдық Жұмыс Одағы құрылды.

Макс Вебер көпшілік саяси партиялардың пайда болуына әсер еткен төмендегідей себептерді бөліп көрсетеді:

• сайлау құқығы институтының дамуы және оның бұқаралық сипат алуы;

• жұмыс табының бұқаралық саяси қозғалысының дамуы.

Бүгінде әлемнің 190 мемлекетінде 2000 аса саяси партия бар [4].

Қазіргі заманғы саясаттанушылардың пікірінше, Джозеф Лапаломбар мен Майрон Вайнер саяси партия ұғымын анық айқындап берген. Олардың пікірі бойынша, партия – басқа бірлестіктерден оларды ерекшелендіретін төмендегідей төрт белгісі бар ұйым: [5]:

• идеология;

• ұйымның толық көлемділігі (орталықпен үнемі байланыс ұстап тұратын жергілікті ұйымдарының болуы);

• мақсат – саяси билікті басып алу және жүзеге асыру;

• неғұрлым көп сайлаушылардың қолдауына ие болуға ұмтылыс жасау.

Саяси партияның ішкі даму динамикасы бар, ол белсенділіктің келесі кезеңдерінен өтумен сипатталады:

1) қозғалыс алғышарттарын жасау (қоғамда айырықша мүдделері бар әлеуметтік топ пайда болады);

2) ұмтылыстар артикуляциясы (идеологтар бағдарлама ойлап тауып, оны құрылтайшы съезд бекітіп, жаңа саяси партияның пайда болғандығы туралы мәлімдейді);

3) үгіт-насихат (жаңа партия өз қатарына азаматтарды тарту үшін үгіт-насихат жасайды);

4) саяси қызмет (партия сайлауларда өзінің үміткерлерін

ұсынып, іс-шаралар, науқандар өткізіп, газеттер шығарып және т.б. дүниелер жасап саяси процеске белсенді қатысады);

5) саяси іс-әрекеттің тоқтауы (жақтаушылары мен қуатынан айырылған партия құрдымға кетеді).

Партияның құрылымы күрделі, ол келесі элементтерден тұрады:

- көшбасшы және партияның басқарушы органы;
- тұрақты атқарушы аппарат (штаттық аппараттық жұмыскерлер);
- партиялық белсенділер тобы (көзқарастары мен ұстанымдары бойынша партияны қолдаушылар);
- пассивті жақтаушылар топтары (электорат).

Идеялық, ұйымдастырушылық, саяси-әлеуметтік және т.б. айырмашылықтарына қарамастан партиялардың іс-әрекетінде көптеген ортақтықтар бар, бұл жайт түрлі критерилерді пайдална отырып, партияларды жіктерге бөлуге мүмкіндіктер береді.

Саяси күштердің дәстүрлі типологизациясы XVIII ғасырдағы француз буржуазиялық революциясы кезінде қалыптасқан. Францияның Ұлттық жиналысының депутаттары 1789 жылғы 17 маусымдағы бірінші отырыста залдағы орындықтарда өздерінің өндіріс құралдарына деген жеке меншіктің рөлі мен орны жөніндегі көзқарастарына сәйкес отырған: жеке меншікті қолдаушылар оң жаққа отырған, ортада табанды реформистері, ал сол жақтағы орындықтарға жеке меншіктің ымыраға келмес қарсыластары отырды.

Сол кезден бастап **саяси практикада және ғылымда саяси партияларды жіктеудің басты критерийі ретінде олардың өндіріс құралдарына жеке меншікке деген қатынасы** қарастырылады. Осы аталған критерийге орай партиялардың келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады:

1. Оңшыл партиялар мемлекеттің неғұрлым аз араласқанын қалап, жеке кәсіпкерлік бастамаларға

басымдық береді (АҚШ-тың Республикалық партиясы, Ұлыбританияның Консервативті партиясы, Францияның Республикалық партиясы, «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы және т.б.).

2. **Солшыл партиялар** әлеуметтік мәселелерді шешкенде мемлекеттің белсенді рөл атқарғанын қалайды, экономиканың мемлекеттік секторын дамытуды, байларға салық міндеттемелерін көбейтуді қолдайды (Францияның, Австрияның, Испанияның социалисттік партиялары; Германияның, Швецияның, Норвегияның, Данияның социал-демократиялық партиялары; Ұлыбританияның Лейбористік партиясы, Қазақстанның Коммунистік халықтық партиясы және т.б.).

3. **Центристік партиялар** «байсалды ортаны» ұстанады, нарықтық қатынастарға негізделген экономиканы, мемлекеттің экономикаға және азаматтық қоғамның өміріне рационалды қатысуын («Алға, Республика!», француз партиясы, Эстонияның центристік партиясы, «Единая Россия» партиясы, «Нұр Отан» партиясы және т.б.). Саясаттануда «центризм» түсінігіне нақты анықтама жоқ екенін және центристік идеологияны бөліп көрсету шартты болып табылатындығын атап өту керек.

2.2. Қазақстан Республикасындағы саяси партиялар қызметінің құқықтық қамтамасыз етілуі

Саяси жүйенің табысты дамуының басты жағдайларының бірі – саяси партиялар қызметін құқықтық қамтамасыз ету.

1996 жылғы 31 мамырда қабылданған «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы азаматтық қоғамды дамытуда үлкен серпін болды, аталған заңмен реттелетін мәселелер – Қазақстан Республикасы азаматтарының бірлесу бостандығына құқығын іске асыруға, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің құрылуына, қызметіне, қайта ұйымдастырылуына және таратылуына байланысты пайда болатын қоғамдық қатынастар. Жоғарыда аталған Заңның 2-бабында «Қазақ КСР-дағы Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақ КСР-і Заңының 1-бабымен

салыстырғанда қоғамдық бірлестік деген ұғымға: «Қазақстан Республикасында саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың ортақ мақсаттарға жету үшін ерікті негізде құрылған, заңдарға қайшы келмейтін басқа да бірлестіктері қоғамдық бірлестіктер деп танылады. Қоғамдық бірлестіктер коммерциялық емес ұйымдар болып табылады.» [6], – деп нақтырақ анықтама жасалған, және осы анықтама осы күнге дейін қолданылып келеді.

Сонымен қатар «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы бойынша жұмыстар жүргізіліп жатты, аталған заң 1996 жылғы 2 шілдеде қабылданып, саяси партиялар құрудың құқықтық негіздерін, олардың құқықтары мен міндеттерін, қызметінің кепілдіктерін белгілейді, саяси партиялардың мемлекеттік органдармен және басқа ұйымдармен қатынастарын реттеді. Заң саяси партиялардың заң алдында тең болуын, өз мүшелерінің еріктілігі мен тең құқықтылығын, есеп берушілік, жариялылық пен заңдылық, өзін өзі басқару мен өзін өзі қаржыландыру негізінде құрылып, жұмыс істеу мүмкіндігін және ең бастысы, саяси партияның басшы органдары Қазақстан Республикасы аумағында болуға тиіс екендігін қамтамасыз етті.

«Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңында қарастырылғандай, әскерилендірілген саяси партиялар құруға және олардың қызметіне, сондай-ақ саяси партиялар жанынан әскерилендірілген құрамалар құруға тыйым салынды.

1998 жылғы 7 қазанда **Қазақстан Республикасы Конституциясына** партиялық тізім бойынша сайлау жөніндегі өзгерістер мен толықтырулар партиялық құрылыстың одан әрі дамуына ықпал етті.

Осылайша, 1998 жылғы желтоқсан мен 1999 жылғы тамыз аралығында Қазақстанның Азаматтық Партиясы (ҚАП), Қазақстанның Республикалық Азаматтық Партиясы (ҚРХП), «Азамат» демократиялық партиясы, Қазақстанның Аграрлық партиясы (ҚАП), «Отан» республикалық саяси партиясы, Қазақстан әйелдерінің демократиялық партиясы, «Руханият» партиясы, «Алаш» Қазақстанның ұлттық партиясы.

1999 жылы сайлау заңнамасында аралас жүйені енгізу саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктер мүдделерінің толық көрініс беруіне жол ашты, қоғамның саяси жүйесінде партияның рөлін арттырды. 2000 жылы республикада ресми түрде тіркелген 15 саяси партия жұмыс жасап тұрды [7].

2002 жылғы шілдеде «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңы күшіне енді. Заңның жаңа редакциясы азаматтардың нәсілдік, ұлттық, этникалық және діни белгілері бойынша саяси партиялар құруға тыйым салды. Саяси партия құру үшін қажетті азаматтар саны он адамнан бір мың адамға ұлғайтылды. 50 мың мүшесі болғанда ғана партияны тіркеуге рұқсат берілді (бұрынғы заңда – 3 мың мүше). Мәжіліс сайлауында сайлаушылар даусының 3% төмен мөлшерде алса және парламенттік сайлауға екі рет қатыспаса, партия өз жұмысын тоқтатады.

Аталған заң партиялық субъектілерді ірілеуге бағытталды, себебі партиялар бүкілхалықтық болып, елдің барлық аймақтарындағы халықтың мүдделерін білдіруі керек, сондай-ақ заң партиялардың құрылымдық және ұйымдық жағынан беки түсуіне септігі тиді [8].

Азаматтық қоғам институттарын жедел дамытуға жағдай жасау және азаматтық бастамаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін тудыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 шілдедегі N 154 Жарлығымен «Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытудың 2006-2011 жылдарға арналған тұжырымдамасы» бекітілді. Аталған құжатта азаматтық қоғамды дамыту бойынша іс-шаралар кешені, сондай-ақ нормативті-құқықтық базаны жетілдіру қарастырылды.

Осылайша, қарастырылып жатқан кезеңде Қазақстан Республикасының Конституциясына түзетулер енгізілді (2007 жылғы 21 мамырда), оларға сәйкес Парламент Мәжілісі депутаттарының саны 77-ден 107 адамға ұлғайтылды, олардың 98-і пропорционалды өкілдік жүйесі бойынша сайлану тәжірбиесі енгізілді. Бұл жайт жұмыс жасап жатқан партиялардың заң шығару қызметіне араласу мүмкіндігін ұлғайтып, потенциалды жақтаушылар мен сайлаушыларды

жұмылдыру мақсатында халықпен белсенді жұмыс жасауға ынталандырды.

Оған қоса, 2005, 2009, 2012, 2015 жылдары «Саяси партиялар туралы» заңға айтарлықтай өзгерістер енгізілді, олардың ең маңызды дегендері:

- саяси партияны мемлекеттік тіркеу үшін оның құрамында кем дегенде елу мың партия мүшесінен қырық мүшесі болуға тиіс деп азайтылды, партияның құрылымдық бөлімшелерінде (филиалдары мен өкілдіктерінің) кемінде жеті жүз мүшесі болудан, алты жүз партия мүшесі болуға өзгертілді;

- еңбек заңнамасы, әлеуметтік қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнамасы нормаларының партияның тұрақты жұмыс жасаушы органдары қызметкерлеріне таралуы;

- ҚР Парламенті Мәжілісіндегі партияларды мемлекеттік қаржыландыру.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 2006 жылғы 4 қарашада жаңа қағида енгізілді, оған сәйкес мәслихат депутаттарына құрамында кемінде бес адамнан тұратын депутаттық бірлестіктер, саяси партиялардың фракцияларын құруға мүмкіндік берілді. Бұл барлық деңгейдегі мәслихаттарда қандай да бір партиялардың қатысуын институционализациялау мақсатында жасалды.

Аталған позитивті шаралар республиканың саяси жүйесінде қазақстандық партиялардың рөлі мен орнын күшейтуге мүмкіндік берді.

Мемлекет басшысының бастамасымен 2017 жылы жүзеге асырылған Конституциялық реформа елдің саяси өмірінде маңызды рөл атқарып, мемлекеттің саяси-құқықтық дамуындағы жаңа бетті ашып берді.

2017 жылғы 10 наурызда «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойылды. Заңға сәйкес Үкіметті жасақтағанда Мәжілістің рөлі кеңейтілді.

Премьер-Министр Мәжіліспен кеңескеннен кейін Үкімет мүшелерінің кандидатуралары туралы ұсынысты Мемлекет басшысына ұсынады (сыртқы істер, қорғаныс және ішкі істер министрлері лауазымдарын санамағанда, оларды Президент қызметке тағайындап, босатады).

Жаңа сайланған Парламент Мәжілісі алдында Үкіметтің өз өкілеттілігін тоқтатуы жөніндегі норма принципалды жаңалықтардың бірі болды. Себебі Мәжілісте өкілеттігі бар партиялардың қатысуымен жаңа Үкіметті қалыптастыру қисынға сай келеді.

Үкіметтің және оның мүшелерінің қызметін қадағалау бойынша Парламенттің және оның палаталарының өкілеттіктері айтарлықтай күшейді. Осы мақсатпен Үкімет өз қызметінде Президент пен Парламент алдында жауапты болып бекітілді. Премьер-Министр енді Үкімет қызметінің негізгі бағыттары мен маңызды шешімдері бойынша Президенттің ғана емес Парламенттің де алдында есеп беріп тұруға міндетті.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі Д. Абаев, 2017 жылды қорытындылай отырып, Конституциялық реформа туралы: «Ойланып қараңыздаршы: Мемлекет басшысы 35 билік өкілеттіктерін Парламент пен Үкіметке берді. Бұл Мемлекет басшысының даналық шешім қабылдауының тағы бір дәлелі. Себебі біз көптеген елдерде адамдардың билік өкілеттіктерін керісінше өзіне алып жатқан процестерге куәміз. Ал бізде, менің пікірімше, сирек жағдай орын алды. Бұл дегеніміз: қоғамды одан әрі демократияландыру жолы бойынша қозғалудамыз, біздің елде болып жатқан процестердің, соның ішінде саяси процестердің бірте-бірте дамиды, эволюция бағытымен жүріп келеміз. Бұл биліктің барлық тармақтарының жауапкершілік деңгейін көтеру дегенді білдіреді» [9].

Осылайша, Конституциялық реформа елдің одан әрі тұрақты өркендеуі мен саяси жүйенің бірізді дамуы үшін негіз болып табылады.

2.3. «Нұр Отан» партиясы Қазақстанның азаматтық қоғамының басты элементі ретінде

«Нұр Отан» партиясы Қазақстанның азаматтық қоғамы құрылымында маңызды орын алады.

Өзінің 19 жылдық даму тарихында партия өз Көшбасшысының стратегиясын жүзеге асыратын қуатты саяси күшке, саяси шешімдер қабылдаудың шынайы орталығына айналды.

Партияның бүкіл даму тарихы оны құрған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың есімімен тығыз байланысты.

1999 жылғы 1 наурызда «Отан» республикалық саяси партиясының I құрылтай съезі өткізіліп, онда келесі тарихи шешімдер қабылданды:

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев бірауыздан партияның Төрағасы болып сайланды;
- Партияның Жарғысы қабылданды;
- Саяси кеңес, Орталық ревизиялық комиссия бекітілді;
- «Отан» РСП, Қазақстанның халық бірлігі партиясының, Қазақстанның демократиялық партиясының, Либералдық қозғалыстың, «Қазақстан-2030 үшін» қозғалысының теңқұқықты негізде біріккендігі туралы Қарар қабылданды.
- «Отан» РСП құрылуы елдің партиялық жүйесінде күштердің орналасуы мен партияның ықпалы деңгейін бағамдауда қайта санау нүктесі іспетті болды.

«Нұр Отан» партиясын 2.1. параграфында белгіленген саяси партияларға тән негізгі төрт белгіге орай сипаттасақ.

1. Идеология

Қазіргі кезеңде «Нұр Отан» партияның миссиясы – Қазақстанның жүйелі жаңғыруында ұлт Көшбасшысы, партияның Төрағасы Н.Ә. Назарбаевтың сенімді тірегі болу. Партия Елбасының жаңғыру идеясының бастамашысы болуы керек.

Партия миссиясының негізгі элементтері жоғары деңгейде дамыған мемлекетті құру және азаматтардың барлығының жеке дамуына жағдай жасау болып табылады.

Бұл ретте негізгі жауапкершілік мемлекеттің белсенді рөліне ғана емес, сонымен қатар, әрбір азаматтың өзінің өміріне деген жауапкершілікке негізделіп отыр.

Мақсаты (партияның Жарғысынан) – саяси жұмыстың әдістері арқылы экономикалық жағынан қуатты, демократиялық, зайырлы, құқықтық, азаматтық қоғамның дамыған институттары бар әлеуметтік мемлекетті қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті саяси жүйе құруға қол жеткізу.

Партияның негізгі платформасы саяси **центризм** болып табылады. Партиялық центризм тұрақтылық пен бірлікке, әлеуметтік-экономикалық прагматизмге, тұрақты даму мен тұрғындардың көпшілік бөлігінің қызығушылықтарын реттеуге негізделген.

Бұндай таңдауды партияның негізін қалаушы Қазақстан Президенті Н.Ә. Назарбаев анықтап берген. Партияның I құрылтай съезінде ол «бірінші күннен бастап «Отан», көзқарастарды толқындары келіп түйісетін, қуатты орталық ұстанымды берік негізге алуы керек» деп атап өтті. Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси дүниетанымы, қазіргі заманғы Қазақстанның құрылыс бойынша жалпыұлттық жобаға және «Нұр Отан» партиясының орталық идеологиялық платформасын қалыптастыруға негіз болатын басты идеялық матрицаға айналды.

Партияның негізгі құндылықтары партияның 2013 жылы болған XV съезінде қабылданған Доктринасында көрсетілген:

- Адам
- Бостандық
- Ынтымақтастық
- Әділеттілік
- Заңның үстемдігі
- Отбасы мен дәстүр
- Болашаққа бағдар

Сайлауалды бағдарламада (2016 ж.) партияның негізгі құндылықтары ретінде «Бірлік», «Тұрақтылық», «Жасампаздық» болып белгіленді.

Миссияларды жүзеге асыру барысында **партияның мызғымайтын тірегі:**

- елдің тәуелсіздігі,
- Қазақстанның гүлдену идеясы,
- саяси платформа ретінде центризм,
- Елбасы жалпұлттық жетістіктің бастамашысы және кепілі.

2. Ұйымның ауқымдылығы

Партияның құрылымы көптармақты болып табылады.

Республикалық деңгейде партияны басқаруды өзінің қарамағында 16 аймақтық (облыстық және Астана мен Алматы қалаларында) филиалдары бар Орталық аппарат жүзеге асырады.

Аудандық және облыстық қалалардың деңгейінде 227 территориялық, оның ішінде 214 аудандық және қалалық бөлімшелер қарайды; 13 бөлімше партияның Жарғысына сәйкес ірі бастапқы партиялық ұйымдардың негізінде құрылған.

Партияның Жоғары басқарушы органы - **съезд.**

Партияның жетекшісі - **Төраға.**

Партияның Жоғары өкілетті органы – **Саяси кеңес.**

Партияның съезіне бағынатын орган – **Орталық бақылау-ревизиялық комиссиясы.**

Партияның Басқарушы органы – **Саяси Кеңестің бюросы**

Партияның орталық атқарушы органы – **Орталық аппарат.**

3. Саяси билікке қол жеткізу және жүзеге асыру

Сайлауға қатысу мен онда жеңіске жету арқылы партиялардың биліктің құрамында болуға мүмкіндік беруі партияның ең маңызды сипаттамасы болып табылады.

1999 жылы күзде конституциялық өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес Орталық Азия аумағында **алғаш рет** Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің сайлауы аралас түрде өткізіліп, ол саяси партияларға Парламентке **пропорционалды өкілеттіктің негізінде партиялық тізім бойынша** сайлауға қатысуға мүмкіндік берді. Бұл жаңалықтардың нәтижесінде сайлау барысы парламенттік түрдегі саяси партияларды құру процесіне

жағдай жасай отырып, саяси науқанның қызғандығымен, баламалығымен ерекшеленді [10]. Мәжілістегі 10 орынға сайлауалды күрес үшін партиялық тізімді ұсынуға құқығы бар барлық саяси партиялар, өз тізімдерін ұсынды. Ең көп кандидаттар – 18 адам, «Нұр Отан» партиясы атынан тіркелді. Дауыс беру қорытындысы бойынша Мәжілістегі орындар келесідей түрде бөлінді:

- «Отан» республикалық саяси партиясы 4 мандатқа ие болды,
- Коммунистік, Аграрлық және Азаматтық партиялар – әрқайсысы 2 мандаттан алды.

Сайлау заңнамасының аралас жүйесін енгізу саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің ұстанымдарын толық көрсетуге мүмкіндік берді [11].

«Отан» республикалық саяси партиясының қатысуымен өткен алғашқы сайлау оның өсіп келе жатқан әлеуеті мен электоралды қолдаудың салмақты деңгейін көрсетті.

1998 жылғы конституциялық реформа саяси партиялардың сайлауға заңды түрде саяси ұйымдар ретінде қатысуы мен олардың мемлекеттегі ықпалы мол демократиялық институттар ретінде ғана емес, сонымен қатар билік етуші құрылымның тірегі ретінде қатысуын заңдастырды.

2004 жылы ҚР Парламенті Мәжілісінің сайлауына 12 саяси партия қатысты, олардың 4 – екі сайлау блогының құрамында болды.

«Отан» РСП басқа партияларға қарағанда біршама көп айырмашылықпен сайлаушылардың 2 883 706 даусына ие болды [12]. Салыстырмалы түрде қарастырсақ: 2 және 3-орындарға ие болған «Ақ жол» және «Асар» партиялары сайлаушыларды тек қана 57 672 және 54 139 дауыстарына ие болды. Тиісінше бұл «Отан» РСП берілген дауыстардан 50 есе аз.

ҚР Парламенті Мәжілісіне пропорционалды сайлау жүйесіне көшу жеңіске қол жеткізген партиялардың құқықтарын заңдастыру арқылы сайлаудың қорытындысы бойынша келесі сайлау кезеңіне дейінгі аралықта мемлекет пен қоғамның өміріне толық жауапкершілікті мойнына

алуды міндеттеді.

2007 жылы 18 тамызда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының сайлауы партиялық тізім және біртұтас жалпыұлттық сайлау округі бойынша өткізілді.

Сайлау қорытындысы бойынша «Нұр Отан» ХДП (2006 жылы «Отан» РСП кезектен тыс X съезінде партияның атау «Нұр Отан» Халықтық-демократиялық партиясы деп өзгертілген болатын) сайлаушылардың 88,41% даусын жинады. Сайлау қорытындысы «Нұр Отан» партиясының басқа партиялардың қол жеткізуін қиынға түсіретін, қоғамдағы сенім көрсеткішінің жоғары деңгейін көрсетті. Басқа саяси ұйымдар сайлау барысындағы ұйымдастырушылық деңгейінің төмендігіне, сонымен қатар бұған дейінгі электоралды кезеңдер аралығында белсенділігінің төмен болуына да байланысты оған қарсы бәсекелестікке түсе алмады. Осылайша, ҚР Парламенті Мәжілісіне тек бір ғана қуатты партияның өкілдері енді.

2012 жылы «Нұр Отан» ХДП басқа, ҚР Парламенті Мәжілісінде өкілеттілік атқаруға қажетті сайлау заңнамасына сәйкес 7% кедергіні еңсеріп, парламенттік партия статусына ҚХКП мен «Ақ жол» партиялары ие болды. «Нұр Отан» ХДП партиясының басымдылық көрсеткіші бар (сайлаушылардың 80,99% даусы) сенімді жеңісі, оның сайлауалды бағдарламасының электоралды және партияның декларацияланған бағытын қолдауының көрінісі болып табылады.

2016 жылы 20 наурызда «Нұр Отан» партиясы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің кезектен тыс сайлауы кезінде сайлаушылардың 82% ие болып, өзінің позициясын одан ары нығайтты.

«Нұр Отан» партиясы – парламенттік көпшілік, жалпыұлттық бірігу партиясы, жемқорлықпен күрес жүргізетін жалпыхалықтық бақылаудың басты құралы болып табылатын, елдің үстімдік етуші патриоттық күші, белсенді түрде жастарға қолдау көрсетіп, қоғамды партияның Көшбасшысы тарапынан алға қойылған ортақ идеяларға қол жеткізу жолында біріктіретін партия.

Тұңғыш Президент партиясының елдегі партиялық алаңдағы басымдылығы оның Төрағасы, ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың қоғамдық және саяси беделінің және партияның сайлауаралық кезеңінде жүйелі түрде атқарған қызметінің арқасында қол жеткізілді.

4. Сайлаушылардың көбісіне қолдау көрсетуді қамтамасыз етуге ұмтылу


Партияның басты белгісі, сайлаушылардың көпшілігіне дауыс беру кезінен бастап олардың мүшелікке өтуіне дейінгі аралықта жан-жақты қолдау көрсету болып табылады. Жоғарыда (3 пункт) ҚР Парламенті Мәжілісінің сайлауындағы дауыс берушілердің саны туралы мәлімет берілген. Азаматтардың басым көпшілігі өз дауыстарын «Нұр Отан» партиясына бергені анық көрінеді.

Партия мүшелерінің саны 2018 жылы 1 қаңтарда 5 мың 800 астам (5 835) бастапқы партиялық ұйымдарға біріккен, бір миллион адамнан (1 016 540 адам) асты [13].

Партия мүшелері санының динамикасын қарастыру

17-сурет

ПАРТИЯ МҮШЕЛЕРІ САНЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ, АДАМ (1 ҚАҢТАРДАҒЫ КӨРСЕТКІШТЕР) (%)



қызықты болып табылады (17-сурет).

Диаграммдан партия мүшелері санының артуы анық көрінеді. Егер 2000 жылы партия қатарында 164 041 болса, онда 10 жылдан кейін (2010 ж.) партия мүшелерінің саны

4,8 есеге дейін артты, ал 2018 жылмен салыстырғанда – 6 еседен астам артты.

Алайда, партия мүшелері санының жыл сайын артып отыруына қарамастан, 2018 жылы партия мүшелері санының азайғаны байқалады. Бұл партияның қатарындағы тазалау жұмыстарын атқарғаннан кейін орын алды. ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты, Партиялық бақылау комитетінің төрағасы Қ.С. Сұлтанов: «Партияның соңғы съезінен кейін [2017 ж.] партия жұмысының сапасын жақсарту үшін, партия талаптарының қажетті түрлі деңгейлерінде партия мүшелерінің сәйкестілігіне сараптама жасалды... Олардың кейбірі Парламент, мәслихат депутаттығына сайлауға қатысу үшін партияның қатарына қосылғаны анықталды. Тіпті кейбіреулерінің партиямен ешқандай байланысы болмады, олар партияның бірде-бір тапсырмасын да орындамаған. Партияны қажет етпейтін адамдар партиядан шығарылды. Бұл процесс партияның сапасын сақтап қалуда үлкен мәнге ие болды деп есептейміз» [14].

«Нұр Отан» партиясы тұрғындардың түрлі әлеуметтік топтарын, әртүрлі жастағы, ұлттағы, жыныстағы және білім деңгейі әртүрлі адамдарды қамтитынын атап өткен жөн [15], бұл мәліметтер кестеде анық көрсетілген **(18-сурет)**.

Қазақстанның көппартиялы жүйесінде партияның басымдылығына бірқатар факторлар ықпал етеді.

1. Партияның көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев болып табылады, ол тұрғындар арасында зор қолдауға ие.

2. Партияның сандық және сапалық құрамы. Бүгінде партия қатарында әртүрлі топтарды құрайтын бір миллионнан астам азаматтар бар.

3. Орталық, аймақтық және аумақтық деңгейді қамтитын тармақталған ұйымдастырушылық құрылым.

4. Партия Мәжілістегі парламенттік көпшілікті құрайды (84 депутат – «Нұр Отан» партиясының мүшесі).


5. Партияның сайлауаралық кезеңде тұрғындармен белсенді әрі нақты жұмыс жасауға мүмкіндік беретін, елдегі әлеуметтік-экономикалық өмірдің барлық салаларын қарастыратын сайлауалды нақты бағдарламасы бар.

6. Жұмыс жасаудың ресми емес әдістері (қоғамдық қабылдаулар, партиялық кадрларына білім беру және

18-сурет

«НҰР ОТАН» ПАРТИЯСЫНЫҢ САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ (01.01.2018 Ж. КӨРСЕТКІШТЕР (%))

Жынысы бойынша



Жасы бойынша



Ұлты бойынша



Білімі бойынша



Қызметі бойынша



кәсіби білімдері мен іліктіліктерін арттыру, партиялық жобаларды іске асыру, жаңа пікірталас алаңдары және т.б.).

7. Партияның қаржылық (мемлекеттік бюджет, жеке қаражаттары) және БАҚ ресурстары («Нұр Медиа» холдингі) бар.

8. Партиялық алаңдағы оппозицияның әлсіздігі.

2017 жылы 3 қарашада өткен партияның Саяси кеңесінің осы кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысының елдегі жетекші саяси күштің қызметін жаңғыртудың қажеттілігі туралы тапсырмасынан кейін, партияда елеулі өзгерістер басталды.

«Нұр Отан» тұрғындарға нақты пайда әкелетін жобаларды дайындауға көшті. Ол үшін партияда жобалық менеджмент құралдарын қолдау жоспарланып отыр. Жобалық менеджмент жаңаша уақыттың талаптарына жауап беретін кері байланыс механизмін орнатуға және жұмысқа деген жаңа тәсілдерді қолдануға мүмкіндік береді.

Бүгінде партияда нақты мақсатты көздейтін 22 жаңа жоба дайындалып жатыр. Олар мемлекеттің сандық технология, қоғамдық сананы жаңғырту, шағын және орта бизнесті дамыту сияқты стратегиялық міндеттерін іске асыруға бағытталған. Олардың әрқайсысы кәсіби эксперттік қауымдастық, бизнес, мемлекеттік құрылымдардың белсенді ат салысуының арқасында жүзеге асырылады.

Нұротандықтардың алдында жаңа партиялық бастамаларды жүзеге асыруға қатысты көлемді жұмыстар тұр. Осылайша, мемлекеттік органдармен «Атамекен» ҰКП бірлесе отырып, партия республика көлемінде 1000 жуық IT-кластар ашуды жоспарлайды. Оған қоса, Қазақстанның көлемінде ашылатын 20 IT-орталықтарда IT-мамандықтар бойынша білім беру жоспарланып отыр. Бұл партияның «Сандық Қазақстан» бағдарламасын іске асыруға қосқан қомақты үлесі болып табылады.

Нұротандықтар жаңа әдістерді үш тұғырлы тілді дамыту саласында да қолдануды жоспарлауда. «Нұр Отан» ағылшын тілін үйретуге шетелдік еріктілерді (волонтер) шақырады. Басты назар қалаларда өмір сүретін жастарға қарағанда тілді үйренуге қатысты мүмкіндіктері шектеулі болатын ауылдық мектептерде білім алатын оқушыларға

бағытталады.

Жаңа партиялық жобаның аясында нұротандықтар классикалық кітап сақтау орындарынан, жастарға арналған қызықты курстар, дәрістер мен семинарлар өткізілетін қазіргі заманғы коворкинг-орталықтар құруды қарастырып отыр. Сонымен қатар, партияның қолдауымен елдегі мектептік және университеттік кітапханалардың барлығы тіркелген біртұтас онлайн-кітапхана құрылатын болады. Мұндай бастаманың басты ерекшелігі отандық кітап қоймаларының кітап қорын электронды форматқа ауыстыру болады.

Тағы бір жоба – мектеп асханаларының жұмысын стандарттауды қарастырады. Партия мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, балаларды тамақтандыру қызметінің сапасына бақылау жасайтын болады. Оған қоса, мектептегі спорт алаңдары тиімді әрі мақсатты түрде қолданылатын болады.

Бұл жаңа жобалардың маңызды бағыты кәсіпкерлерді қолдау және Қазақстандағы шағын және орта бизнеске жаппай қолдау көрсету болып отыр.

«Нұр Отан» мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, жер телімдерін сату және коммерциялық бағытта жалға беруге бойынша біртұтас онлайн-алаңды дайындауда. Бұл бастама сондай-ақ жемқорлық қауіпті төмендетуге де бағытталған. Біртұтас портал арқылы кез келген адам акционерлер және сатылымдар, жалға алудың ерекшеліктері мен Қазақстанның кез келген аймағындағы жер телімдерінің бағасы туралы ақпаратпен таныса алады.

Оған қоса, партияның ішкі құрылымын жаңғыртуға бағытталған басқа да бірқатар жобалар жүзеге асырылады.

ӨЗІН-ӨЗІ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Саяси партиялардың қалыптасу тарихында қандай кезеңдер ерекшеленеді?
2. Саяси партиялардың негізгі белгілері қандай?
3. Саясаттануда саяси партиялар белсенділігінің қандай деңгейлері анықталады?
4. Саяси партиялардың дәстүрлі типтеудің мәні неде?
5. Қазақстандағы саяси партиялардың қызметін қандай заңнамалық актілер қамтамасыз етеді?
6. «Саяси партиялар туралы» ҚР Заңына 2002 жылы енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды көрсетіңіз.
7. 2017 жылы 10 наурыздағы «Қазақстан Республикасы Конституциясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу» ҚР Заңының ерекшелігі неде?
8. «Нұр Отан» партиясының идеологиясы қандай?
9. «Нұр Отан» партиясының саяси көшбасшылығының мәні неде?
10. «Нұр Отан» партиясының жаңа жобалық әдісінің мәні.

3-ТАРАУ.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

3.1. Азаматтық сектордың қоғамдық өмірдегі рөлі


Қазақстанда жарияланған реформаларды жүзеге асырудың негізгі жағдайы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына азаматтық қоғамның қосқан үлесі болып табылады. Азаматтық қоғамның институттарын қатыстырмай реформалауды жүзеге асыру тек қана бөлектік жаңғыру сипатында болуы мүмкін.

Қазақстандағы азаматтық қоғамның даму перспективалары тікелей азаматтық белсенділіктің әлеуетіне және сонымен қатар, біздің қоғамдағы азаматтарда әлеуметтік капиталдың қалай қалыптасатындығына тәуелді болып келеді. **Әлеуметтік капитал** – бұл белгілі бір топ адамдардың тарапынан жүзеге асырылатын және оларға өзара сенім негізінде серіктестік жасауға мүмкіндік беретін жалпыға ортақ қабылданған нормалар мен құндылықтар. Қазақстандағы азаматтық қоғамның даму стратегиясы әлеуметтік капиталдың сапасы мен мазмұнын түсінуге тәуелді болып отыр.

Азаматтық қоғамның дамуына қажетті позитивті кепілдік азаматтардың **өзара қарым-қатынасына** бекітіледі. Қазақстандықтар арасында қарым-қатынасқа респонденттер теріс бағадан гөрі, оң бағаны көбірек береді. Осылайша, көпшілік сауалнаманың қорытындысы бойынша респонденттердің 62,8% біздің елде адамдар арасында келісім мен ауызбіршілік басым деп ойлайды. Алайда, әрбір сұралған төртінші қатысушы пессимистік тұрғыдағы көзқарасты ұстанып, қазіргі қоғамда адамдар арасында келіспеушілік пен бытыраңқылық басым деп көрсетеді (**19-сурет**).

19-сурет

АЗАМАТТАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС (%)




Сарапшылардың пікірі бойынша, қазақстандықтардың азаматтық белсенділігіне ең алдымен: адамдардың өзіндік қызығушылықтарын түсіну және заңның аясындағы өзінің жеке, саяси, экономикалық құқықтар мен бостандықтарын қорғауы (15%); мемлекеттің тарапынан азаматтық қоғам институттарына деген сенімнің артуы (10%); жеке мемлекеттік қызмет көрсету салаларын үкіметтік емес ұйымдарға өткізу (10%); азаматтардың проблемаларын шешу барысындағы мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен айқындығы (10%), тұрғындардың құқықтық сауаттылығын арттыруы ықпал етеді (9%) **(20-сурет)**.

Қоғамда әлеуметтік капиталдың жоғары деңгейінің артуына сұралған сарапшылардың пікірінше, тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға азаматтардың қатысуы (14%), азаматтық қатысудың жауапкершілігін тәрбиелеу (13%), өзінің жеке, саяси, экономикалық құқықтары мен бостандықтарын қорғау мүмкіндігі (12%), демократиялық мәдениетті дағдыландыру (10%), ықпал етеді **(21-сурет)**.

Азаматтық қоғамның перспективасын дамыту үшін азаматтық белсенділік құндылықтарын қалыптастыру мәселесі осы бағытта қызығушылық танытатын

20-сурет**ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ АЗАМАТТЫҚ БЕЛСЕНДІЛІКТЕРІНЕ
ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР (%)**

21-сурет ҚОҒАМДА ӘЛЕУМЕТТІК КАПИТАЛДЫҢ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙІНІҢ АРТУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН (%)



тараптардың: мемлекеттің, сонымен қатар азаматтық қоғам өкілдерінің де күн тәртібіндегі мәселе болып табылады.

Әлеуметтік қызмет көрсетуді жүзеге асыру, әлеуметтік және басқада қызмет түрлерін қамтамасыз ету барысында, бұл жұмыстарды атқаруды мемлекеттік тараппен бөлісе отырып, елдің әлеуметтік-экономикалық жаңғыруына қомақты үлес қосатын азаматтық қоғам институттарының қатысуын арттыру барысындағы келесі қадамдар

ретінде **құқықтық және институционалдық негіздерінің жасампаздығы** болуы тиісті.

Жасалған жұмыстар туралы ашық есептердің болмауынан азаматтық қоғамның Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық өмірге қосқан үлесін анықтау оңай емес. Үкіметтік емес ұйымдардың (ҮЕҰ) қызметіне тоқтала кетейік.

Қазіргі кезеңде олардың қатысуын келесі бағыттармен сипаттауға болады: [16]:

1. Әлеуметтік жобаларды орындау. Әрбір ҮЕҰ жылына кем дегенде 3 жоба жасайды. Бұл көрсеткіш бойынша жылына 25 000 әлеуметтік жобаның көрсеткіші анық көрінеді. Олардың әрқайсысында 20-дан бірнеше мыңдаған адамға дейін ат салысады. Осылайша, ҮЕҰ ауқымы кем дегенде 1 миллион адамға жетеді [106].

2. Мемлекеттің әлеуметтік тапсырыстарын игеру. 2003 ж. бастап 2016 ж. дейінгі аралықта мемлекет тарапынан бұл іске 42,8 миллиард теңге бөлінді, оның ішінде республикалық бюджеттен 11,6 млрд. теңге, ал жергілікті бюджеттен 31,2 млрд. теңге [107]. Тиісінше, азаматтық қоғам осы қаржыдан салық төлейді, шамамен жалпы соманың 15-25%. ҮЕҰ мен олардың жүзеге асырып жатқан іс-шараларының арқасында кей жағдайда қызмет көрсетудің – қонақ үй, кейтеринг, баспа, кеңсе тауарларының сатылымы сияқты түрлері жұмыс жасайтынын айта кеткен жөн.

3. Басқа да қаржыларды игеру. Азаматтық қоғамды қолдауға бөлінетін жеке және шетелдік қайырымдылықтардан түсетін қаржы. Бұл сонымен қатар, Қазақстанға шетелдік инвестицияларды тарту да болып табылады.

4. Жұмыспен қамтамасыз ету. Азаматтық және саяси белсенділерді және тұрғындардың бірен-саран осал топтарын қамту. Егер орташа есеппен алғанда 4 адам ҮЕҰ жұмыс жасайтын болса, осылайша шамамен алғанда 32 мың адам жұмыспен қамтамасыз етіледі. Олардың қатарында партиялар, кәсіподақтар және діни бірлестіктерді қосатын болсақ, бұл көрсеткіш – шамамен 60-80 мың адамға дейін артады. Іс жүзінде еңбек ресурстары бойынша қарастыратын болсақ, бұл толыққанды сала болып табылады.

Азаматтық сектор мемлекет пен атаулы топтардың

арасындағы маңызды бөлім ретінде, нарықтық механизмнің қысымын кеміте отырып, мемлекеттің әлеуметтік саясатын сәтті түрде толықтырады.

Қазақстандық азаматтық сектордың ерекшелігі келесідей сипатта болады:

1. Бизнесмен түсетін қайырымдылықтың аз болуына байланысты олардың қызығушылықтары мен құндылықтарын алға тартудың үлесі төмен.

2. Саяси партиялардың бірқатар функцияларының ауыстыру, оның ішінде либералдық құндылықтарды қорғау және азаматтарды әлеуметтендіруді арттыру.

3. ҰЕҰ елдегі зайырлы өмір салтын және азаматтық келісімді қолдайтын басты күштердің бірі болып табылады. Себебі, азаматтық қоғамның басқа факторлары көп жағдайда қоғамға көп ықпал ете алмайды.

4. Азаматтық қоғам институттарының елдегі әлеуметтік-экономикалық дамуға қосқан үлесі жеткіліксіз, алайды кейбір мемлекеттік қызмет көрсету қызметтерін коммерциялық емес ұйымдарға өткізу процесі басталды.

3.2. Қазақстанның азаматтық қоғамы: болашаққа көзқарас

Қазақстанда азаматтық қоғамның одан әрі демократиялық эволюциясы оны дамыту басымдықтары мен жолдарына болжам жасауды талап етеді.

Қазақстандық азаматтық қоғамды дамытудың бірнеше сценарийін бөлек көрсетуге болады.

Бүгінгі таңда азаматтық қоғамның дамуына және оның болашағына келесі факторлар (қазақстандық жағдайға тән) ықпал етеді:

1. Жағымды жақтары:

- қарапайым азаматтың өз құқықтарын қорғау мүмкіндіктерінің болуы;
- бұқаралық ақпарат құралдарының даму дәрежесі;
- азаматтық қоғам институттарының болуы;
- қоғам мен мемлекеттің өзара әрекет ету форматтарының

дамуы (әлеуметтік желілер, қоғамдық тыңдаулар, қоғамдық қабылдаулар, мемлекеттік органдардың барлығы жанындағы кеңестер және т.б.).

2. Жағымсыз жақтары:

- сайлау, азаматтық қоғам институттары туралы заңнамаларды жетілдіру;
- жергілікті қауымдастықтардың дамымауы;
- тұрғындардың урбандалу дәрежесі;
- коммерциялық емес сектордың харизмалық жетекшілерінің жеткіліксіздігі;
- аймақтардағы өкілетті билік өкілдері белсенділігінің жеткіліксіздігі.

Белгілі сценарийдің ықтималдығы және орын алуы қандай факторлар басым түсетіндігіне тығыз байланысты. Бірақ келешекте қоғамда оң көңіл-күй көбірек болса, онда жағымды және бейтарап сценарий артықшылыққа ие болатыны түсінікті. Әлеуметтік-экономикалық процестерге азаматтардың қатысу деңгейінің артуы олардың басымдығына септігін тигізеді.

Жағымды сценарийдің құраушы бөліктері:

1. Өкілді билік органының шешім қабылдау процессінде өкілеттігі артады, сонымен қатар жергілікті өзін-өзі басқару дамиды.

2. Партияның саяси процеске ықпал етуіндегі рөлін арттыруды қарастыратын сайлау және партиялық заңнаманың нормалары жетілдіріледі.

3. Плюралистік ақпараттық кеңестік, оның ішінде қоғамдық пікірді қалыптастыру құралы ретінде блок жазу саласының дамуда.

4. Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңнама тұрғындар мен олардың бірлестіктерінің елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысуын арттыру бойынша механизмдерді дамыту жағдайы, әсіресе, қызмет көрсету салаларын мемлекеттен коммерциялық емес ұйымдарға беру жағдайы анық бола түседі.

5. Заңнамадағы өзгерістер орталықтағы және жергілікті орындардағы азаматтық қоғамды дамытуға және биліктің өкілетті тармағы институттарының рөлін арттыруға

бағытталады.

6. Экономиканың және тұрғындардың әл-ауқаты артып, соған сәйкес жеке және заңды тұлғалардың азаматтық қоғамның институттарына жасаған қайырымдылық көлемі де артып келеді. Қайырымдылық мәдениеті дамуда.

7. Азаматтық белсенділіктің дамуы жаңа коммерциялық емес ұйымдардың, түрлі азаматтық қоғам институттарының қалыптасуына мүмкіндік жасайды. «Жаңа толқынның» азаматтық белсенділері әрекет етуші ұйымдардың қатарына қосылып келеді.

8. Азаматтық қоғам құрылымданып, өз ішінде бірқатар ассоциациялар құрады.

9. Орта таптың көбеюі.

10. Жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бағытында жергілікті қауымдастықтар өкілдерінің белсенділігінің арқасында олардың дамуы байқалады.

11. Тұрғындар өздері үшін құрылған «ашық үкімет» қызметтерімен жаппай қолданады.

Іс жүзінде позитивтік сценарий үш позитивтік трендтерден құрылады – биліктің азаматтық қоғамды дамытуға деген ынтасы, ыңғайлы экономикалық жағдай және қалалардағы азаматтық белсенділіктің артуы. Бұл аталған құрамдас бөліктердің бірі болмаған жағдайда позитивтік сценарий жасалмайды. Тұтастай алғанда, позитивтік сценарий азаматтық қоғам қазіргі сәтке қарағанда одан ары белсенді бола түсетініне болжам жасайды.

Бейтарап сценарий азаматтық қоғамның дамуына қатысты түрлі бағыттағы трендтердің барысында іске асырылады. Бұл кезде позитивтік және негативтік трендтер бір-біріне тең түседі. Бейтарап сценарий кезінде болмайтын жақсару немесе азаматтық қоғам жағдайының тұрақтануы болады

Жағымсыз сценарийді құраушы бөліктер:

1. Үкіметтік емес ұйымдар, сайлау, бұқаралық ақпарат құралдары және саяси партиялар туралы заңнама тұрақтанады немесе шектеулерді ұлғайту бағытына қарай өзгеріске ұшырайды.

2. Елдің экономикасы рецессияда болады.

3. Халықаралық донорлар мен жеке секторлардың қатысуы кемиді.

4. ҮЕҰ саны азайып келеді. Олар өздерінің құрамын жаңартпайды, соған орай қызметкерлердің орташа жасы ұлғайып келеді.

5. Тұрғындар селқос, олар «Ашық үкімет» бағытын және азамат пен мемлекеттің өзара әрекетіне қажетті басқа да қызметтерді игермеген.

6. Азаматтық негіздегі жергілікті қауымдастықтардың артуының орнына жеке адамды даралау мен азаматтар арасындағы архаикалық байланыстарды қалпына келтіру болып жатады.

Негативтік сценарий азаматтық қоғамға қолдау көрсетуді азайту және мемлекеттің оларды шектеуі кезінде, сонымен қатар азаматтық қоғамның өзіндік дағдарысы, яғни қазіргі әрекет етуші азаматтық белсенділер одан ары таныла алмайды да өздерінің орнына келетін жастарды таба алмауы кезінде іске асырылады.

Негативті сценарий кезінде тұрғындардың азаматтық белсенділігі ҮЕҰ немесе саяси партиялардың қызметіне емес, діни бірлестіктер немесе қылмыстық әлемге, тіпті немесе екеуінің қосындысынан пайда болған гибрид ұйымдардың қызметіне жұмсалады. Мұндай жағдайда жастар арасында азаматтық белсенділіктің сценарийлерін іске асыру, қылмыстық топтардың діни экстремистермен қосылуы немесе қызығушылықтар өкілеттігінің корпоротивті түрінің (шамалы топтардың өкілеттігі) дамуы қауіпті болып табылады.

Тұтастай алғанда, азаматтық қоғамның дамуында позитивтік динамика бар. Себебі қоғамда оны дамыту – болмай қалмайтын және эволюциялық процесс болып табылады.

Мемлекет пен азаматтық қоғамның тепе-теңдік бастама мен серіктестік диалогтарды құру ынтымақтастығына елдің саяси тұрақтылығы мен әл-ауқаты байланысты болады. Бұл істе асығыстыққа жол жоқ, себебі басқалардың тәжірибесін көзсіз көшіру, сонымен қатар қысым мен әкімшілік басқару да кері нәтижелерге – тоқырау немесе қарсылық көңіл-


күйдің өршуіне әкеліп соғады.

Сарапшылар, Қазақстанда азаматтық қоғамды одан әрі дамыту үшін, ең алдымен билік азаматтардың қызығушылықтарымен санасып, адамдар елдегі болып жатқан жағдайларға өздерінің қатыстылығы мен жауапкершілігін сезіну үшін, оларды қоғамдық маңызды шешімдерді қабылдау барысына тартуы керек деген пікір айтады. Респонденттердің жартысынан астамы да осындай пікірде (59%). Оған қоса, эксперттердің 49%, азаматтардың өздері қоғамдық және саяси өмірге белсенді араласып, өздерінің құқықтарын талап етуі керек деп есептейді. Эксперттік сауалнаманың әрбір үшінші қатысушысы Қазақстандағы азаматтық қоғамның одан ары дамуына азаматтардың материалдық әл-ауқатының артуы (30%) және мемлекеттік қызметтерді үкіметтік емес секторларға беру (28%) әсер етеді деп санайды.

Тұрғындардың азаматтық институттар мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастарының форматы туралы түсініктерін саралай отырып, оларды жетілдіру үшін, мемлекеттің әрекеттеріндегі орташа және ұзақ мерзімді стратегияларды таңдап алу мүмкіндігі туады.

Қазақстандықтар бұл форматты әртүрлі көреді. Сұралғандардың үштен бір бөлігі (35,1%) азаматтық қоғам институттары мен биліктің арасындағы қарым-қатынастар мемлекеттің азаматтық қоғам институттарына әкімшілік билік түрінде емес, керісінше тепе-тең болып, серіктестік негізде құрылуы керек деп есептейді. Зерттеуге қатысушылардың үшін бірі (30,9%) қамқоршыл қатынастарды қарастырады, себебі олардың ойынша, мұндай қатынастар билік тарапынан азаматтық қоғам институттарын қолдауды байқайды. Билік тарапынан азаматтық қоғам институттарын бақылаудың қажеттілігі туралы сұралғандардың 15,1% айтады (**22-сурет**).

Сарапшылардың атқарушы билік пен азаматтық қоғам институттары өкілдері арасындағы өзара іс-әрекеттің сипатына берген бағасы алаңдатады. Атқарушы билік пен азаматтық сектор өкілдері арасында ешбір іс-әрекет жоқ, олардың тек қатар қызмет ететіні байқалады. Оған

22-сурет**АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ ИНСТИТУТТАРЫ МЕН БИЛІК АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАР ФОРМАТЫ (%)**


сарапшылардың үштен бір бөлігінен астамы (38%) сенімді. Ал сұралған сарапшылардың үштен бір бөлігіне жуығы аталған қарым-қатынас әріптестік сипатқа ие екендігін алға тартты. Әрбір оныншы сұралған атқарушы билік пен қоғамдық ұйымдар арасындағы қарым-қатынас бәсекеге қабілетті екендігін білдірді (**23-сурет**).

Қазақстанның тәуелсіздік алғанынан бері азаматтық қоғамның дамуында түбегейлі өзгерістер орын алды. Шетелдік сарапшылардың айтуынша: «Іс жүзінде Қазақстанның Орталық Азиядағы азаматтық қоғамның дамуы саласындағы көшбасшылықты көрсетуге мүмкіндігі бар. оның бір ғана мысалы, жақын арадағы енгізілген қоғамдық кеңестер. Бұл бастаманың көмегімен азаматтық қоғам мемлекеттік шенеуніктермен бірге қоғамдық қызметтерді жақсарта отырып, сол ретте адамдарға нәтижелі шешімдер қабылдауға мүмкіндіктер беру жолында жұмыс жасайды» [17].

Қазіргі таңдағы трендтердің қатарында мемлекеттік қызметтерді коммерциялық емес секторларға беру, оған қоса, мемлекеттік функцияларды бәсекелестік ортаға беруге қатысты құқықтық негіздерді дайындау болып отыр.

23-сурет

САРАПШЫЛАРДЫҢ АТҚАРУШЫ БИЛІК ПЕН ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАР АРАСЫНДАҒЫ ЫҚПАЛДАСТЫҚТЫ БАҒАЛАУЫ (%)



Келесі кезең азаматтық қоғам институттарының саяси шешімдерді қабылдау процестеріне қатысуы мен рөлін арттыру болуы тиісті. Бұл жерде таяу арадағы перспективадағы азаматтық қоғам институттарын дамытудың негізгі бағыттары келесідей болуы мүмкін:

- жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, жекелей алғанда шешімдер қабылдау барысында жергілікті қауымдастықтардың рөлін арттыру;
- қоғамның әлеуметтік проблемаларын шешу барысындағы азаматтық қоғам институттарының рөлін күшейту;
- мемлекеттік органдардың тұрғындармен кері байланыс механизмдерін жетілдіру (әлеуметтік желілер, ақпараттық ресурстар және т.б.);
- қызметтердің ашықтығы мен коммерциялық емес ұйымдарға деген салық жүктемесін төмендету үшін есеп беру бағытындағы құқықтық негіздерді жетілдіру;
- мемлекеттік органдардың жанындағы қоғамдық кеңестердің рөлін арттыру;
- тұрғындардың саяси-құқықтық мәдениетін арттыру.

ӨЗІН-ӨЗІ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Әлеуметтік капитал дегеніміз не екенін түсіндіріп беріңіз.
2. Тұрғындардың азаматтық белсенділігіне қандай факторлар әсер етеді?
3. Қоғамда әлеуметтік капиталды ұлғайтуға не әсер етеді?
4. Елдегі әлеуметтік-экономикалық өмірге үкіметтік емес ұйымдардың үлесі қандай?
5. Қазақстандық азаматтық қоғамның ерекшелігі неде?
6. Қазақстанның азаматтық қоғамының қалыпты сценарийінің құрамы.
7. Қазақстанның азаматтық қоғамының теріс сценарийінің құрамы.
8. Азаматтық қоғам институттары мен биліктің қарым-қатынасы түрін сипаттаңыз.
9. Азаматтық қоғамның дамуында жақын мерзімге бағытталған негізгі бағыттарды көрсетіңіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Указ Президента Республики Казахстан от 25 июля 2006 года № 154 «О Концепции развития гражданского общества в Республике Казахстан на 2006-2011 годы»
2. Активизм в сети: есть ли место в политике? – Режим доступа: <https://vlast.kz/avtory/25289-aktivizm-v-seti-esti-mesto-politike.html>
3. Политические партии как институт гражданского общества. - Режим доступа: <https://studopedia.org/5-40851.html>
4. Сонда
5. Теория политики. Учебное пособие. Под ред. Б.А. Исаева. – СПб: Питер, 2008 – 190 с.
6. Закон Республики Казахстан от 31 мая 1996 года № 3 «Об общественных объединениях»
7. Булуктаев Ю. Политико-правовые основы функционирования партийной системы в Республике Казахстан 1990-е гг. / Analytic, № 3, 2011. – С. 138
8. Булуктаев Ю., Буканова Ж., Иманбаева С., Масатова Б. Политическая система: теоретические аспекты и опыт Казахстана. Учебное пособие. – Астана: Школа политического менеджмента партии «Нұр Отан», 2016. – 156 с.
9. Конституционная реформа стала самым значимым событием 2017 года. – Режим доступа: <https://informburo.kz/novosti/konstitucionnaya-reforma-stala-samym-znachimym-sobytiem-2017-goda-abaev.html>
10. История Мажилиса. – Режим доступа: <http://www.parlam.kz/ru/mazhilis/history>
11. Булуктаев Ю. Политико-правовые основы функционирования... Указ. статья.
12. Официальные данные Центральной избирательной комиссии РК – Режим доступа: <http://www.election.kz/rus/informatsiya-o-vyborah-i-referendumakh-v-rk/informatsiya-o-proshedshikh-izbiratelnykh-kampaniyakh/vybory-deputatov-mazhilisa-parlamenta-respubliki-kazakhstan/vybory-deputatov-mazhilisa-parlamenta-respubliki-kazakhstan-v-2004-godu.php>

13. Информационный бюллетень партии «Нұр Отан» (ежеквартальный). Астана, 2018 – С. 2
14. Видеолекция Султанова К.С. – Режим доступа: <https://youtu.be/mipXbV31aVA>
15. Информационный бюллетень...Указ. сборник. - С. 8
16. Шибутов М. Гражданское общество в Казахстане. Аналитические материалы. Астана, 2017 г., 25 с.
17. Нокс К. Гражданское общество в Соединенном Королевстве: размышления для Казахстана. Астана, 2017 г., 30 с.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМЫ

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Пер. на каз.яз. – Жамитова Б.М.
Дизайн и верстка – Матюк А.В.
Коррректор текста на рус.яз. - Алибаева С.М.

